

ЖАСТАР – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Ақтөбе облысы сапары аясында Елбасы «Ақтөбе жылы-жай» ЖШС жылыжай кешенінде болды. Елбасы кешенді аралап, көкөніс өсіру технологиясымен танысты. Сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаевқа ауыл шаруашылығын дамытудың өңірдегі негізгі бағыттары, соның ішінде азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі кешенді шаралар туралы баяндалды. Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті облыстағы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілермен әңгімелесті.

Мемлекет басшысы Ақтөбе қаласындағы физика-математика бағытындағы зияткерлік мектепке де барды Елбасы мектептің оқу сыныптарын, спорт залын, шығармашылық және ғылыми-зерттеу жұмыстары көрмесін аралап көрді.

Нұрсұлтан Назарбаев оқушылармен әңгімелесіп, оларға табыс тіледі және оқуда үздік нәтижеге жетулеріне ниеттестігін білдірді.

Осыдан кейін Мемлекет басшысы «Жастық! Жігер! Еңбек!» атты республикалық жастар форумына қатысты.

Форумға елдің барлық өңірінен үш мыңдай жастар жиналды. Іс-шара барысында форумға қатысушылар «Гүлдене бер, туған ел!» жалпыұлттық марафон-эстафетаның басталғанын мәлімдеді.

Мемлекет басшысы мұнда ел үміт артқан ең талапшыл жастар жиналғанын атап өтті.

– XXI ғасырды біз жаһандық сын-қатерлер дәуірі ғана емес, жас, қуатты және талантты адамдардың дәуірі деп те атаймыз. Қазақстанда бүгінде әрбір төртінші азамат – жас ұрпақтың өкілі. Мені сіздердің білімдеріңіз, шетел тілдерін игергендеріңіз, инновацияға ашық болуға талпыныстарыңыз қуантады. Араларыңызда ақылы мен білімі қазірдің өзінде Отанымызға пайдасын тигізіп жатқан жастар аз емес. Әлем жұрты көп ұзамай жаңа қазақстандық ғалымдар, дәрігерлер, инженерлер, музыканттар мен спортшылар туралы естіп-білетініне сенімдімін, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Нұрсұлтан Назарбаев біздің ел жастардың әлеуетін дамытуға және жүзеге асыруға қажетті жағдайлар жасап жатқанын айтты.

Форум соңында Қазақстан Президенті елдің барша жастарына сөз арнады.

– Сіздер – елдің болашағысыздар. Сіздер мен біздің ұлы мақсатымыз бар. Армандар ұмтылған кезде ғана орындалады. Қазақстан ХХІ ғасырда қуатты әрі өздерімен бірге өркендейтін ел болуы үшін сіздердің күш-жігерлеріңіз, ынтымақтарыңыз, табандылықтарыңыз бен таланттарыңыз жеткілікті екеніне сенемін, – деді Мемлекет басшысы.

ТЫҢ БАҒЫТ:

«ЖЕЗҚАЗҒАН-СЕКСЕУІЛ-ҚЫЗЫЛОРДА»

15 наурыздан бастап халықтың сұранысын қанағаттандыру және жолаушыларға сапалы қызмет көрсету мақсатында «Қазақстан темір жолы» АҚ «Жезқазған-Сексеуіл-Қызылорда» бағытында жаңа пойызды шығарады.

Пойыз жаңа темір жол желісімен Жезқазған-Қарсақпай-Байқоңыр-Көктал-Қосқол-Қарашеген-Абай-Сексеуіл, Арал-Қазалы арқылы Қызылордаға дейін қатынайтын болады.

Қырықтан астам елді мекендерді қамтитын бұл бағыт «Нұрлы жол» бағдарламасы аясындағы әлеуметтік маңызды жоба болып саналады.

Бұған дейін біздің тұрғындар Қызылордаға бару үшін Қарағанды арқылы қатынап, уақыты мен қаржысын шығындайтын. Енді төте жол арқылы қатынайтын болады. «Қазақстан темір жолы» Ұлттық компаниясы жаңа жол арқылы аймақтарға жана әлеуметтік-экономикалық серпін береді. Пойыз Қызылорда мен Жезқазған арасын бір тәулікте жүріп өтеді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

ЖАҢА ҚОНЫСТАҒЫ ШАҢЫРАҚ ШАТТЫҒЫ

Елбасының Сыр еліне келген сапарында Демосовтер отбасы көптен күткен пәтеріне қол жеткізіп, жаңа қоныстың алғашқы қонағы етіп Нұрсұлтан Әбішұлына қарсы алған еді. Құтты шаңырақтың дастарханнан дәм татқан Мемлекет басшысы Шалқар мен Айзадаға ақ батасын берген болатын.

Жақында бұл отбасының қатары қызғалдақтай үш қыздан кейін ер балалармен толықты. Үлкендер сәбиге Нұрсұлтан деп ат қойды.

– Жаңа қонысымызға Елбасынан соң шашу шашып келген ағайын-туыстың бір ғана тілегі болды. «Дүниеге ұл бала келсе, атын Нұрсұлтан қойыңдар» деп ақжарықпен көңілдерін білдіріп жатты. Бұл біздің де арманымыз еді, – дейді Шалқар.

Бұрыннан да балалы, базарлы үйдің шаттығы одан сайын шалықтай түсті. Қазір Самал, Жанерке, Гүлсезім атты қыздардың көптен күткен інісінің де, анасының да денсаулығы жақсы.

Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА, Нұрболат НҰРЖАУБАЙ (сурет).



Сыр бойы



1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

12

НАУРЫЗ СЕНБІ

2016 жыл №36-37 (19121-19122)

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

www.syrboyi.kz



«МӘҢГІЛІК ЕЛ» ПОЙЫЗЫ – ҚАЗАЛЫДА

Теміржол вокзалының алды тәңеріден жұртшылыққа лық толды. Аумақты алаңға жиналғандардың жүзінен мерекелік көңіл күй аңғарылады. Көкбайрағымызды асқақтата көтерген нар тұлғалы жігіттер, қолдарына шар, жалауша ұстаған жастар, көктемгі қызғалдақтай құлпырған қырмызы қыздар айту-ларының жақын қалғанын сездіргендей. Міне, тағатысызана тосқан сәт те келіп жетті. Қызылорда аймағының эриптермен «Мәңгілік ел» деп жазылған пойыз ортаға жеңіл сырғып тоқтады. Шалқарған әуен құйқылығта төгілген еді. Қадірменді қонақтарды ақ киімешекті әжелер қауымы ұлттық дәстүрімізге сай шашу шашып қарсы алды.



Жиналғандар алдында құттықтау лебізін білдірген Қазалы ауданының әкімі Нәжмадин Шамұратов Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығы қарсаңында еліміздегі этносаралық келісімді нығайтуға, қазақстандық патриотизмді насихаттау мақсатында жасасқан «Мәңгілік ел» пойызының ауданда болуы өңір тұрғындарына зор мәртебе екендігін атап өтті. Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекбанов тұрғындар атынан делегация мүшелеріне ақ жол тіледі.

«Мәңгілік ел» пойызының делегация басшысы, Л.Г.Мухомедов атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің «Халықаралық қатынастар» кафедрасының доценті, тарих ғылымдарының кандидаты Әміржан Әлпейісов аталған

сапардың мақсаты қазақстандық біртектілік пен бірлікті нығайту, қазақстандықтарды Елбасының бейбітшілік пен келісім саясаты төңірегінде топтастыру екенін айтты, пойыз сапарын республикамыздың 33 елді мекенінде өткізу жоспарланғанына тоқталды. Сыр өңіріндегі сапар тарихы терең Қазалыдан басталғанын, делегация құрамындағы Ауыл шаруашылығы, Денсаулық, Әділет министрлігі, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы, өзге де салалардың білікті мамандары, басшылары жұртшылыққа ақыл-кеңес беріп, арнайы қабылдау жасай-тынын жеткізді. Қарсы алу рәсімінің соңында аудан өнерпаздары орындаған «Қазалы вальс» әнін қонақтар аса қошеметпен қабылдады.

«Мәңгілік ел» пойызының

делегация мүшелері Мәдениет орталығында тұрғындармен жүздесті. Жиында аудан әкімінің орынбасары Бақытжан Жарылқап ашты. Делегация басшысы, тарих ғылымдарының кандидаты Әміржан Әлпейісовтің нақты деректермен шұрайлы тілде жеткізген әңгімесі мәнді болды.

– Тәуелсіздік – асыл мұратымыз. Біздің егеменді елімізде ширек ғасыр аралығында іргелі істер атқарылғанын, төрткүл әлемге танылғанын баршаға аян. Достықты ту көтерген сан ұлт өкілдері бір шаңырақ астында тату-тәтті тірлік кешуде. Баршасы Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Назарбаевтың ұстанған саясатының нақты жемісі – деді белгілі ғалым.

Сондай-ақ делегация

мүшелері «Қоғамдық келісім» РММ директорының орынбасары Талғат Жақиянов пен Астана қалалық «Ахысқа» түрік мәдени орталығының төрағасы Аскер Пириевтің лебіздері де көпшіліктің көңілінен табылды. Мұнан соң Қазалы ауданының тұрғындары Светлана Крюгер мен Жұма Нафиса өздерінің қазақ ұлтына арналған жүрекжарды ризашылықтарын мемлекеттік тілде мүлтіксіз жеткізгенде соғылған шапалақ үні кең залды кернеді. Жиын соңында құрметті қонақтар аудандық кітапхана ұжымына құнды кітаптарды сыйға тартты.

Келесі кезекте «Мәңгілік ел» пойызындағы білікті дәрігерлердің науқастарды қабылдаған сәтінің куәсі болды. Аудандық емхананың іші-сырты адамға лық толы екен. Бәрінің өнінен үміт нышаны байқалады. Әсіресе кардиолог, бала дәрігері деген атау ілінген кабинет алдында кісі қарсы мол. Солардың

дәрігерлер ақыл-кеңестерін айттып, қуанта с керек.

Қазалы қаласының тұрғыны Гүлнар Пірімбетова Айа-ру атты кішкентайын тексерген пульмонолог-дәрігер Шамшагул Наурызалиеваның тарапына алғысын жеткізсе, Пірімов ауылындағы дәрігерлік емхананың фельдшері Бақытқұл Ысмайылдан елді мекеннен бірнеше адам келгенін естідік. Ал аудандық аурухананың бас дәрігерінің орынбасары Ләйла Ахмет санаулы уақытта көптеген адамның тексерілуіне тіркелгенін, дәрігерлік қызметтің жоғары деңгейде екенін айтты.

«Мәңгілік ел» пойызының мүшелері бірнеше жерде кездесулер, жеке қабылдаулар жасады. Жанқожа батырдың кесенесінде болып, баба рухына тағзым етті. «СІПК Қызылорда балық», «Қазалы конфеті» ЖШС, «Рза» АҚ-ның жұмысымен танысты. Ауданның



бірнешеуін әңгімеге тартты. Жанқожа батыр ауылының тұрғыны М.Қоспан дәрігерге немересі Мадиярды тексеруден өткізуге әкелітті. Сүй-сүйкімді балақанды бүйрек сырқаты мазалайды екен. Бұған дейін ауданда, облыс орталығында емделген Мадиярға астаналық

көрікті жерлерін аралады. Сапар соңы Тәуелсіздігіміздің торқалы мерекесіне арналған «Мәңгілік ел» акциясының гала концертін, жастардың флешмобына ұласты.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ. Қазалы ауданы.

Облыстық жұкпалы аурулар ауруханасы мен №2 балаларды оңалту орталығына RIXOS BOROVUE және «Асыл Мирас» жеке қайырымдылық қоры медициналық жабдық табыстады. Шараға облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы, қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, қайырымдылық қорының директоры Марат Айтмағамбетов қатысты.

Облыс әкімінің орынбасары Рауан Кенжеханұлы бұл ерекше бастама екенін атап өтті.

– Жерлесіміз, қоғам қайраткері Болат Өтемұратовтың бастамасымен құрылған «Асыл Мирас» жеке қайырымдылық қоры облыстық жұкпалы аурулар ауруханасы мен №2 балаларды оңалту орталығына жалпы құны 54 млн теңге болатын қаржыға медициналық жабдық пен ойын кешенін сыйға тартты. Бұл біздің медицина, соның ішінде жалпы әлеуметтік салаға көрсетіліп отырған үлкен қолдау. Қайырымдылық қоры республика көлемінде де белсенді. Қор қайырымдылық шаралары мен акциялардан қалыс қалған емес. Сыр өңіріне де ерекше жанашырлық танытып келе жатқан қор бастамасымен облыстық перинаталь-

МЕДИЦИНАЛЫҚ ЖАБДЫҚТАРМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТТІ

ды орталыққа жалпы құны 30 млн теңге тұратын арнайы медициналық құрал-жабдық алынған болатын. Міне, бүгін сол бастама өз жалғасын тауып отыр. Осы орайда «Rixos Borovue» қонақ үйі мен «Асыл Мирас» жеке қайырымдылық қорына алғыс білдіреміз, – деді Рауан Кенжеханұлы.

Жалпы, медициналық жабдықтар өткен жылы өткізілген үшінші «Rixos Borovue-2015» қайырымдылық велошөрі кезінде жиналған қаржыға сатып алынған. «Rixos Borovue» қонақ үйі мен «Асыл Мирас» жеке қайырымдылық қоры ұйымдастырған бастаманы қолдау білдіретіндердің саны артып отыр. Олимпиада чемпионы Александр Винокуров бастаған велошөріге отандық және шетелдік ірі компаниялардың 300-ге жуық топ менеджері мен мемлекеттік мекемелер өкілдері қатысқан еді. Велошөрі қатысушылары мен «Верный Капитал», «Казиник», Beeline Kazakhstan, Altyntau Resources, Astana Property Management, Global Development компаниялары, Kassa Nova, Forte

Bank банкітері және Қазақстанның Теннис Федерациясы жарна төлеу арқылы науқанға қолдау көрсеткен. Тағы бір айта кетерлігі, велошөрі аясында қайырымдылық аукцион өткізіліп, «Олимпиада чемпионы Александр Винокуров атындағы Спортты қолдау және дамыту» қоғамдық қоры, «Тур де Франс 2014» жеңімпазы Винченцо Нибали, сондай-ақ, белгілі қазақстандық теннисшілер арнайы лоттар ұсынды. Аукцион қорытындысы бойынша 94 млн теңге жиналған. Бұл жөнінде қор директоры Марат Айтмағамбетов айтты берді. Шара аясында облыстық №2 мүгедек балаларға арналған оңалту орталығына құрғату жүйесін жөндеу, арнайы жабдық және ойын алаңы тарту етілсе, облыстық жұкпалы аурулар ауруханасына құны 27 млн теңгеге құрайтын 1 ИВЛ аппараты, 10 контролер, 9 мөлшерлегіш шприц, 5 электрофорез және 1 коагулометр табыс етті.

Қайырымдылық шарасына разылықтарын білдірген маманның бірі облыстық жұкпалы аурулар ауруханасының жансақтау бөлімінің

менгерушісі Болат Асанбаев: «Асыл Мирас» қайырымдылық қоры соңғы үлгідегі медициналық құрал-жабдықтарды алып берді. Соның ішінде жасанды дем беру аппараты. Бұл аппараттың ауыр жағдайда түскен науқастарды тыныс жетіспеушілігі пайда болғанда көмегі өте мол. Сонымен қатар дәрілік заттарды мөлшерлеп уақытылы құюға арналған аппараттар және лабораторияға арналған соңғы үлгідегі коагулометр, электрофорез аппараты ауыр жағдайда түскен ауруларға жедел көмек жасауға үлкен көмегін тигізеді. Науқастардың тез сауығып кетуіне ықпал етеді. Сондықтан біздің ұжым «Асыл Мирас» қайырымдылық қорына ризашылықтарын білдіреді, – деді.

Шара соңында балаларды оңалту орталығының басшысы Перизат Жұматова мен жұкпалы аурулар ауруханасының басшысы Айна Мұхамбетова қоғам қайраткері Болат Өтемұратовтың «Асыл Мирас» қайырымдылық қорына алғыстарын білдірді.

Сара АДАЙБАЕВА.

ДИҚАНДАР НАУҚАНҒА КІРІСТІ

Сыр диқандары көктемгі дала жұмыстарына толықтай дайын. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі 162,6 мың гектарды құрап отыр. Оның ішінде дәнді дақылдар 81,4 мың, мал азықтық дақылдар 59,1 мың, картоп, көкөніс, бақша 16,7 мың, майлы дақылдар 5,4 мың гектарды құрауы тиіс.



Негізгі дақыл – күріштің көлемі 76,3 мың гектар (былтырмен салыстырғанда 7,6 мың гектарға аз). Биылғы жылдың егісіне облыс ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері өткен жылдың күз айларынан дайындалып, 2043 гектар күздік бидай егіліп, қазіргі уақытта егіс жағдайы жақсы деп бағаланып отыр.

Көктемгі егіске қажетті күріштің 23184 тоннасы қамбаларда сақтаулы тұр.

Оның ішінде 4465,8 тоннасы «Маржан», 9175,7 тоннасы «Янтарь», 8728,5 тоннасы «Лидер», 245 тоннасы «Анаит», 535 тоннасы «Казер-6», және 4 тоннасы «КазНИИР-5» сұрыптарын құрайды. Қазіргі таңда аудандарда тұқымдарды тазалау, себу дәрежесіне жеткізу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

Сондай-ақ, шаруашылықтарға жоғары сұрыпты күріш тұқымы сатылымға шығарылды. Мәселен, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне «Магжан и К» ЖШС – 1800 тонна, «Ы.Жақаев атындағы Қазақ күріш ГЗИ» ЖШС – 970,2 тн, «Таң ЛТД» ЖШС – 1252 тн, «Рза Агро» ЖШС – 1000 тн, «Сыр маржаны» ЖШС – 597 тн және «Төңкеріс» ЖШС 597 тонна жоғары репродукциялы күріш тұқымын сатуға дайындап отыр.

Тұқым жанарту жұмыстарында да жаналықтар бар. «Байқоңыр ӘКК ҰК» АҚ-на қарасты «Агрохолдинг Байқоңыр» ЖШС облыстық бюджеттен 75,5 млн қаржыға «Таң ЛТД» және «Төңкеріс» серіктестіктеріне Краснодар өлкесінен 334 тонна элита тұқымын әкелуге жұмыстар жүргізіліп жатыр. Болашақта аталған тұқым шаруашылықтары элиталық күріш сорттарын көбейтіп өзге шаруашылықтардың тұқым сапасын көтеретін болады.

Ауыл шаруашылығы дақылдарын күтіп, баптап, оны өсіру жұмыстарына 50,9 мың тонна минералдық тыңайтқыштар

бөлініп, қоймаларда сақтаулы тұр. Арамшөптерге қарсы қолданатын 11 165 литр гербицидтердің ішінде «Гулливер» – 820 литр, «Номини» – 1015 литр, «Солито» – 4560 литр, «2М4Х» – 600 литр, «Рейнбой» – 3600 литр және 570 литр «Торнадо» диқандар қажетін толықтай өтейтін болады.

Техникалардың дайындығына тоқталар болсақ, қолда бар 1815 трактор, 475 соқа, 245 тұқым сепкіш, 365 автомашина және 905 трактор тіркемесі көктемгі дала жұмысына сақалай сай. Былтыр машина трактор паркін жанаулау мақсатында шаруашылық құрылымдары барлығы 266 дала техника сатып алды. Оның ішінде 181 данасы «ҚазАгроҚаржы» АҚ арқылы, 85 данасы шаруашылықтардың өз қаржысы есебінен алынған. Бұл үрдіс биыл да дағдарысқа қарамастан, жалғасын табатын болады, дейді сала мамандары.

Биыл көктемгі дала жұмыстарын жүргізуге облысқа 30 мың тонна жеңілдетілген дизель отынның есебі жасалып, Ауыл шаруашылығы министрлігіне жолданды. Бұл аймақ агроқұрылымдарының қажеттілігін толығымен қамтамасыз етуге жетеді.

Нұрбек ДӘУРЕНБЕКОВ.

2 ЖЫР АЛЫБЫ

● ЖАМБЫЛ – 170

Қазақ халық поэзиясының алыбы атанған Жамбыл Жабаев 1846 жылы қазіргі Жамбыл облысы, Шу өзені бойындағы (Шу ауданы) Жамбыл тауының етегінде Жапа деген қыстауда ақпан айының боранды күндерінің бірінде дүниеге келген. Бұл - Жетісу өңірінің Қоқан хандығына қарап, ел басқарудағы жолсыздықтың шектен шыққан кезі еді. Бір жағынан ақ патшаның, екінші жағынан жергілікті ел билеушілердің, мөлшерден тыс алым-салиғы бұқара халықты титықтап тастап еді. Қалың бұқараның дені жоқ-жітіктен, бірде аш, бірде тоқ болып өлдім-талдыммен күнелтіп жатқан тұсында дүниеге келген ақын сол тұстағы ел өмірінің жанды картинасын қазақ поэзиясына шынайы қалпында алып келді.

Жамбыл 8 жасқа келгенде әкесі ауыл молдасынан білім алын деп оны оқуға береді. Бірақ болашақ ақынға молданың ескіше оқыу қонбайды. Сол тұстағы күйін ақын «Шағмы», «Әкеме» атты өлеңдеріне арқау етті. Әкесіне молданың оқыу қонбайтындығын, түсіне өлең кіргенін айттып, қолына домбыра алып біржола ақындық жолға түседі. Жамбыл Шапыраштының Екей деген руынан, бұл елде ақындардың көп болғанын «Екейде елу баксы, сексен ақын» деген жолдарынан көруге болады. Осындай ақындық орта болашақ ақынға да мол септігін тигізді.

Сүйеке, сүйенішім, өнерпазым, Өйгілі, ақылғой, жеңіл сөздім. Әкежан, сен де тіле, бата берсін, Балана өлең қонып, атақ ерсін! – деп, XIX ғасырдағы суырсыпсалмалық импровизаторлық өнердің классигі, М.Әуезов «ақындардың ақыны, айдын көлдей ақыл» деп атаған Сүйінбай Аронұлынан бата алады. Сондықтан да осыдан кейінгі өлеңдерінде «Менің пірім –

ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮР-ЖҮРЕК

Сүйінбай, Сөз сөйлемен сиынбай» деп ұстазының алдына түспейтіндігін үнемі айтып отырады. Осылайша жастайынан өлең-жырға жақын өскен ол он бес жасынан-ақ «жас ақын», «Жамбыл ақын» болып елге таныла бастады.

Өзін шалқарда шалқыған ақсұғатөңеген ақын «келмеді сасық, шалшық жерде қалғым» деп жыр маржанын тере білді. Бір жағында қалың бұқара, бір жағында бай мен датқа тұрған ақынның алдында «Кімнің сөзін сөйлеу керек?» деген замана сауалы тұрды. Қалың бұқараның жоғын жоқтап, мұның мұңдаған ақын бай, манаттарды шеней білді. «Жылышы», «Сараң бай мен жомарт кедей» деген өлеңінде бай мен кедей арасындағы кереғар тірлікті шендестіре отырып қатарластыра (параллель) жырлады:

Жамбыл да Абай тәрізді сол тұстағы ел ішіндегі толғағы жеткен әлеуметтік мәселелерді тілге тиек етті. Осының өзі Жамбылдың кедей-кепшіктің, бұқара халықтың жоғын жоқтағанын байқатады.

Өмірінен үлкен орын алған Бұрым қыз туралы өлеңінен «Сен лашын болғанда, мен ақ сұңқар Бір көріп дидарыңа болдым інкәр» дейтін ақын махаббатының сәтсіздігі байқалады. Дегенмен, жас ақынның осы өлеңіндегі лашынға, ақ сұңқарға, тұлпарға, қорғасынға, қаңбаққа, құрыққа, құлыңға теңеулерінен оның бейнелі сөйлейтіндігін байқау оңай. Дерексіз затты қазақ ұғымына түсінікті деректі заттарға теңеу арқылы бейнелі образдар ұсынды.

1916 жылы қара жұмысқа адам алу туралы патша жарлығына қарсы ұлт-азаттық көтеріліс болған тұста ақын «Патша өмірі тарылды», «Зілді бұйрық», «Толғау» атты өлең, толғауларын жазды. Аталған өлеңдерде сол тұстағы ел билеушілердің ақ патшаның заңына құлдық ұрып, бұқара халықтың ыза-кегін туғызғанын жасыра алмады:

Ы, болысты тәңірі атты, Ел қорғауға жарамай, Ағайында еңіретті, Көз жасына қарамай. Енді ойласақ: не қалды, Ота жұрттан кету бар, – деп билеушілерге деген елдің наразылығын ашық айта білді. Жайылым жерлерден айырылған қазақ бұл тұста елден үлере көшіп Қытайға жер ауып жатты. Қазақстанның түкпір-түкпірінде патша жарлығына қарсы бөк көтерілер болды, Қарқарадағы албандардың көтерілісі де



Халық ақыны Жамбыл Жабаев пен күйші Дина Нұрпейісова.

осы тұста болып еді. Осылардың бөріне куә болған ақын ел өміріндегі ірі-ірі тарихи оқиғаларды шығармаларына арқау етті. Аталаған өлеңдері үшін біраз күн ақ патшаның тар қапасында тұтқын да болды.

Ақынның шығармаларынан ерекше орын алатын арнау өлеңдер. Олардың басым көпшілігі жекелеген адамдарға қаратыла айтылған арнаулар. Осылардың қатарында «Кененге», «Гасем Лахутига», «Калинин ақсақалға», А.Пушкинге арнап жазылған «Асқан бұлбұл», «Пушкинге», «Сүлеймен Стальскийге», т.б. жекелеген адамдар мен «Қазақстан тойына», «Амангелді тойына», «Социалистік Қазақстан» тойына», т.б. тойларға шашуын да атауға болады.

Ұлы Отан соғысының кан майданында баласы Алғадай қайтыс болғанда карт ақын бар шерін өлеңмен шығара білді. Оның «Алғадай туралы», «Сарғайып атқан та ба екен?», «Алатауды айналсам» атты өлеңдері қазақ поэзиясындағы жоқтау жанрын толықтырды:

Мінгенде атым сұр бөрте, Алғадайды алдың еп-ерте, Мен жыламай – кім жылайд, Жал-құйрығы кеп-келте. Немесе: Алатауды айналсам, Алғадайды табам ба?

Сарыарканы сандалсам, Санлағымды табам ба?.. Бала қалды жетім боп, Келін қалды жесір боп, Біздей кәріп кісіге, Көз салындар есіркеп...

Қазақстан Жазушыларының бірінші съезінде мүшелікке өткен Жамбыл өсімін 1936 жылы Мәскеуде өткен қазақ әдебиеті мен өнерінің бірінші онкүндігі шарықтатып, даңқын арттырып жіберді. Ол да басқа ақындар секілді өз заманының перзенті. Сондықтан еңбекші бұқараға теңдік алып келген Қазан төңкерісіне деген жүрекжарды қуанышын жасыруға болмайды. «Күн көсемге» деген бар жылы сөзі ақынның «Туған елім», «Халықтың сәлем», «Ұлы заң», «Ленин», «Орден алғанда», «Қайта жасардым» деген арнаған ақын шығармаларынан асқақ рух анық байқалады.

Ақын шығармаларының шоқтығы биігі – айтыстары. Жамбылдың Құлманбет, Досмағанбет, Сарыбас, Майкөт, Бақтыбай, Сары, Бөлтірік, Жүнісбай, Айкүміс, Бөлектің қызы, Шашубаймен айтыстары суырсыпсалмалық өнерінің биікке шарықтағандығын айғағы. Осылардың ішінде Айкүміспен айтысы қыз бен жігіт айтысының жақсы бір көрінісі болса, Құлманбетпен айтысы қазақ әдебиетіндегі

айтыстың жақсы бір үлгісі. Құлманбет ақын Албанның би, болыстарының байлығымен, дәулетімен мақтанғанда Жамбыл «Адамдықты айт, ерлікті айт, батырлықты айт, Ел бірлігін сақтаған татулықты айт!» деп жеңіп кетеді.

Жамбыл жырларының ішінде оның эпикалық үлгіде жазылған «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» атты дастандарының орны ерекше. Жетісу бойына кең тараған Өтеген туралы аңызға Жамбыл ақын жан бітіріп, оны қазақ әдебиетіне алып келді. «Қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» жайма-шуақ өмірді іздеген Өтегеннің бақыт жолындағы ізденісі халықтың арман-тілегімен ұштасып жатты. Өтеген батыр туралы дастанда аңыз басым болса, Сұраншы батыр туралы дастанда тарихилық үстем. Қоқан хандығына қарсы Жетісу казактарынан шыққан батыр Сұраншы Ақинбековтың ерлік істері көңілге қонымды. Қазақ, қырғыз, өзбек халқы еңбекшілерінің ынтымағы арқылы адам баласы аңсаған азаттық нанымды бейнеленген. Осылардың қатарында «Көрұғлының» Жамбыл жырлаған нұсқасы мен «Бақ, дәулет, ақыл» атты аңыздарын да атауға болады. Ақын бақ, дәулет, ақыл туралы аңызды тірілте отырып оқирмаңға: «Ал, жігіттер, бұл сөздің шешуін тап, Бай болғанмен не боларсың, болсаң ақым.

Ақыматқа мал бітсе мас болады, Ақылсыз түк бітірмес, мал менен бақ»,

– деген ой салалы.

1941 жылдың басында «Керілік» атты өлеңінде «Босатып буынымның шегелерін, Сыпырып тұла бойдан құламді алды» деп кәрілікке мойын бере бастаған ақын Кеңестер Олағына фашистік Германия тұтқиылдан шабуыл жасағанда қаламын қолға алып, қайтадан қайраттана, жігерлене түсті. Бұл тұста Жамбыл ақын жауға қаламмен қарсы шығып, «Ата жаумен айқасты», «Өлім мен өмір белдесті», «Ленинградтық өренім!», «Москваға», «Аттан, батыр, ұрпағым», «Кеңес гвардеестеріне», «Кеңес жауынгерлеріне», «Майданға хат», «Сыйлық», «Гырналар қайтты, көріңдер», «Отан әмірі», «Алынбас камал», «Балама хат», «Воронеж батырларына», «Ленин өреніне», «Камал бұзған қаһарман», сынды әрбір өлеңін жауға оқ етіп жаудырды. Өмір мен өлім белдескен шақта ақын қуатты жырларымен кеңес жауынгерлеріне жігер

берді. Оның жырлары жыл құсындай болып майданға аттанды. Жауынгерлерге Ленинград, Москва, Сталинград сынды ірі қалаларды жау қолына бермеңдер деген ақын жырларында өршілдік рух басым. Кеңес жауынгерлеріне қайратына қайрат, жігеріне жігер қосқан өлеңдерінің ішінен «Ленинградтық өренімді» ерекше атауға болады:

Ленинградтық өренім, Мақтанышым сен едің. Нева өзенін сүйкімді, Бұлағымдай көремін... Уа, қаһарман, өренім, Мақтанышым, беделім!.. Қаласындағы Лениннің Сайып қыран, өренім!

Ұлы Отан соғысы жылдарында патриоттық рухта жазылған толғаулары үшін КСРО Халық Комиссарлар кеңесі 1941 жылы Мемлекеттік сыйлық берді.

Ақын «Мұңша жасқа келгенде, Не көріп, не білгеннен. Бір ауыз сөз айтылмай, Қалса – үлкен мін ақынға» дей отырып, сексеннен асып, тоқсанға таяған шағында көрген-білгендерін ой қазанында қорытып, өмір жайлы толғауларын жазды. Оның «Замана ағым», «Туған елім», «Менің өмірім» атты толғауларының қазақ әдебиетіндегі орны ерекше. Жүз жасаған ақынның өмір сүрген уақытында қазақ халқының басынан неше алуан ірі-ірі тарихи оқиғалар өтті. Ақын қазақтың жүзжылдық тарихының ғана емес, арғы-бергі тарихының өмір шындығын көркем шындыққа айналдыра білді. Ол толғауларында Қоқан хандығы, одан ақ патшаның қол астында отар болып, «Қысым көрген, қырылған, Таланған да шабылған» қазақ халқының аяншты тірлігі мен Қазан төңкерісімен келген теңдік пен бақытты өмірді «Жамбыл қарт жетпіс екі жасағанда, Николай ұрған доптай тақтан ұшты. Жарқырап бостандықтан сәуле түсті – Жабырқаған халықтың көңілі өсті!» деп жырлады.

Жүз жасаған ақын Жамбыл Жабаев халық поэзиясының алыбы ғана емес, «XX ғасырдың Гомері» атанды. Ол халық поэзиясы арқылы қазақ халқын да әлемге танытты.

Гүлжахан ОРДА, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты, доцент.

● САЙЛАУ – 2016

ХАБАРЛАНДЫРУ	
«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңының 43-бабы 8-1 тармағына сәйкес облыстық мәслихат депутаттарын сайлау жөніндегі сайлау округтері бойынша дауыс берудің нәтижелерін анықтау жөніндегі округтік сайлау комиссияларының отырыстары өткізілетін орны мен уақыты туралы мәліметті жариялаймыз:	
№1 «Арал» сайлау округі Арал ауданы, Арал қаласы, Бақтыбай батыр көшесі, 117, №220 орта мектеп, №46 сайлау учаскесі, сағат 2-10	№15 «Ғарышкер» сайлау округі Қызылорда қаласы, Б.Момышұлы көшесі, №78, №253 орта мектеп, №179 сайлау учаскесі, сағат 22-00
№2 «Алтықұдық» сайлау округі Арал ауданы, Арал қаласы, Өйтеке би көшесі, 60, №83 орта мектеп, №50 сайлау учаскесі, сағат 2-50	№16 «Пролетар» сайлау округі Қызылорда қаласы, Ақжол көшесі 10 а, №271 орта мектеп, №347 сайлау учаскесі, сағат 22-00
№3 «Ауыл» сайлау округі Арал ауданы, Қамыстыбас ауылдық округі, Қамбаш ауылы, Қамыстыбас көшесі, 74, №21 орта мектеп, №4 сайлау учаскесі, сағат 3-15	№17 «Мектеп» сайлау округі Қызылорда қаласы, «Шұғыла» м/а, 178, №7 орта мектеп, №218 сайлау учаскесі, сағат 22-00
№4 «Сұлутам» сайлау округі Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, В.Счастнов көшесі №17, Жанқожа батыр атындағы №70 орта мектебі, №57 сайлау учаскесі, сағат 24-00	№18 «Батыс» сайлау округі Қызылорда қаласы, «Ақмешіт» м/а, 35, №136 орта мектеп, №189 сайлау учаскесі, сағат 22-00
№5 «Абай» сайлау округі Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі, №128, №249 мектеп-лицейі, сағат 24-00	№19 «Теміржол» сайлау округі Қызылорда қаласы, Жандолпов түйығы 7, №6 орта мектеп, №196 сайлау учаскесі, сағат 22-00
№6 «Аранды» сайлау округі Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Желтоқсан көшесі №20, №266 мектеп-лицейі, №58 сайлау учаскесі, сағат 24-00	№20 «Төлебаев» сайлау округі Қызылорда қаласы, Ғ.Мұратбаев көшесі, 11, №198 мектеп , №206 сайлау учаскесі, сағат 22-00
№7 «Жосалы» сайлау округі Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Абай көшесі, нөмірсіз, аудандық орталық кітапхана, сағат 22-00	№21 «Ғ.Мұратбаев» сайлау округі Қызылорда қаласы, А.Иманов көшесі, 1, №233 орта мектеп, №213 сайлау учаскесі, сағат 22-00
№8 «Төретам» сайлау округі Қармақшы ауданы, Төретам кенті, Жанқожа батыр көшесі, 33 А, №80 орта мектебі, №113 сайлау учаскесі, сағат 22-00	№22 «Аманкелді » сайлау округі Қызылорда қаласы, С.Бейбарыс көшесі, 5, №264 мектеп-лицейі, №260 сайлау учаскесі, сағат 22-00
№9 «Байқоныр» сайлау округі Қармақшы ауданы, Байқоныр қаласы, Бейбітшілік көшесі, 13А, «Инфракос» РММ ғимараты, сағат 22-00	
№10 «Жалағаш» сайлау округі Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі, №7 үй, аудандық «Мәдениет үйі», №128 сайлау учаскесі, 22-00	
№11 «Бұқарбай батыр» сайлау округі Жалағаш ауданы, Бұқарбай батыр ауылы, №33 орта мектебі, №138 сайлау учаскесі, сағат 22-00	
№12 «Теренөзек» сайлау округі Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Д.Қонаев көшесі, №8, Теренөзек кентінің Мәдениет үйі, сағат 1-00	
№13 «Шаған» сайлау округі Сырдария ауданы, Шаған ауылдық округі, Шаған ауылы, Мыханов көшесі, 2, Шаған Әуез мектебі, №164 сайлау учаскесі, сағат 1-00	
№14 «Қызылжарма» сайлау округі Қызылорда қаласы, Қ.Сексенбаев көшесі, №84, №144 орта мектеп, №172 сайлау учаскесі, сағат 22-30	

● БРИФИНГ

БАҚЫЛАУШЫЛАР САЙЛАУ КҮНІ ӨЗ МІНДЕТТЕРІНЕ КІРІСЕДІ



Кеше «Сыр медиа» жанындағы облыстық коммуникациялар орталығында Сайлауды бақылаудың Республикалық қоғамдық комиссиясының Қызылорда облысы бойынша штаб жетекшісі Мақсұт Досжанов бұқаралық ақпарат құралдарына арналған брифинг өткізді. Брифингке сондай-ақ облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасары Әмірбек Шаймағамбетов те қатысты.

М.Досжанов кәзіргі таңда Қызылорда облысы бойынша бақылаушылар тізімі жасақталып, олардың қатарына қоғам дамуына өзіндік үлес қоса алатын азаматтар мен белсенді жастар тартылғанын жеткізді. Оларға арнайы куәліктер мен бейджер тартылып берілген. Штаб жетекшісі барлық сайлау учаскелері үшін семинар оқулар өткізілгенін хабарлады. Онда электоралды үдерістің әділ және ашық өтуін қамтамасыз ету мәселесіне, Қазақстан Республикасының Сайлау туралы Конституциялық заңына сәйкес құқықтық аспектілерге және әдістемелік жұмыстарына назар аударылды.

Аймақта 350 сайлау учаскесі болса, соның 324-де бақылаушылар болуына рұқсат етіледі. Міне соларға қысқа мерзімді 339 бақылаушы жасақталды. Сыр өңіріне келген ұзақ мерзімдегі бақылаушылар Давид Левин және Юлиан Дерманнмен арнайы кездесулер ұйымдастырылса, «Свобода слова» газетінің бас редакторы, Сайлауды бақылаудың Республикалық қоғамдық комиссиясының мүшесі Жанна Ойшыбаеваның Арал ауданында болып сайлауалды жұмыстарымен танысуына жағдай жасалды. Штаб жетекшісі 20 наурыз күні барлық бақылаушылар өздеріне бекітілген сайлау учаскелерінде жұмыс жүргізетінін жеткізді.

Облыстық ішкі істер департаменті бастығының орынбасары Ә.Шаймағамбетов ішкі істер департаментінің саяси науқан кезінде қоғамдық тәртіп сақтау бағытында атқаратын жұмыстары жайлы айтып берді. Сайлау қарсаңында ішкі істер органдары Сайлау туралы Конституциялы заң талаптарына, сондай-ақ Ішкі істер министрлігінің бұйрығы мен талаптарына сай күйшейтілген жұмыс режиміне көшетін болады. Негізгі міндеті саясатқа араласпай, қоғамдық тәртіпті және қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету. Сондай-ақ жабық сайлау учаскелеріндегі сайлау комиссиясы мүшелерінің қауіпсіздігін қамтамасыз етіледі. Жалпы алғанда, басты мақсат азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын сақтау, тәртіпсіздік әрекеттерге жол бермей, қылмыстың алдын алу болып табылады. Департамент өкілі арнайы штаб құрылып, жұмыс тобы күнделікті саяси ахуалға мониторинг жүргізіп отырғанын мәлімдеді. Сайлау науқаны кезінде әртүрлі штаттан тыс жағдайлар орын алған жағдайда басқа да құқық қорғау органдарымен бірлесіп атқаратын жұмыс жоспары да бекітіліп қойылған. Брифинг соңында журналистер тарапынан қойылған сұрақтарға жауаптар берілді.

Ы.ТӘЖІЛЫ.

Қызылорда облыстық сайлау комиссиясы.



ТӘУЕЛСІЗДІК ТОЛҒАУЫ – 1993 ЖЫЛ

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯДАН ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАҒА ДЕЙІН

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі 1993 жылғы желтоқсанның басында өзін-өзі тарату жөнінде шешім қабылдады. Ал бұдан кейінгі саяси оқиғалардың өрбуі жаңа Конституция керек екенін көз жеткізсе дәлелдеді. Сөйтіп, жаңа Конституцияны әзірлеу жөніндегі жұмысқа Н.Ә.Назарбаевтың өзі басшылық жасап, онда Президенттің мұның алдында негізге алынбаған экономикалық әлеуметтік, саяси пайымдары баянды етілді.

1993 жылғы Конституция бойынша Қазақстан Республикасы парламенттік республика болды. Жоғарғы Кеңес Қазақстан Республикасының бірден-бір заң шығарушы және ең жоғары өкілді органы болып табылды. Бес жыл мерзімге сайланатын Жоғарғы Кеңес саяси салада: Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдау, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу, заңдар мен өзге де шешімдер қабылдау, олардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру, референдум өткізу жөнінде шешім қабылдау өкілеттілігіне ие болды.

1993 жылы 5 наурызда Елбасы «Қазақстан Республикасында мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға (II кезең) арналған Ұлттық бағдарламасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Бұл бағдарлама бойынша Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті 1993-1995 жылдары жеке меншіктің түрлі нысандарына айналдырудың максаттары мен міндеттері, сондай-ақ, тәртібі мен реті белгіленді.

Жекешелендірудің негізгі мақсаты – мемлекетке қарасты объектілерді, басқа да материалдық емес активтерді мемлекеттің өтеусіз және өтемен беру арқылы республика халқына ұлттық мүлікті қайтару барысында меншік құқығын дербестендіру негізінде орталықтандырылған – жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті жағдайлар жасау болды. Нарықтық қатынастың экономикалық негізді де меншікті мемлекеттен ажырату, жекешелендіру, өзара тең түрлі меншікті қалыптастыру, сонымен қатар, тауар өндірушілердің дербестігін арттыру болды. Жекешелендірудің негізгі мақсаты – мемлекеттің өтеусіз және өтемен беру арқылы республика халқына ұлттық мүлікті қайтару барысында меншік құқығын дербестендіру негізінде орталықтандырылған – жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті жағдайлар жасау болды. Нарықтық қатынастың экономикалық негізді де меншікті мемлекеттен ажырату, жекешелендіру, өзара тең түрлі меншікті қалыптастыру, сонымен қатар, тауар өндірушілердің дербестігін арттыру болды. Жекешелендірудің негізгі мақсаты – мемлекеттің өтеусіз және өтемен беру арқылы республика халқына ұлттық мүлікті қайтару барысында меншік құқығын дербестендіру негізінде орталықтандырылған – жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға көшу үшін қажетті жағдайлар жасау болды.

Бағдарлама мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған принципті жолдарын белгіледі. Жекешелендірудің әдістері

мен бағыттары Қазақстан Республикасы Конституциясына, Жоғарғы Кеңес мақұлдаған «Дағдарысқа қарсы шұғыл шаралар және әлеуметтік-экономикалық реформаларды тереңдету (экономиканы тұрақтандыру мен нарыққа көшу кезеңіндегі) бағдарламасына», Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының келешегіне, түрлі салалардың ерекшеліктеріне, кәсіпорындар мен ұйымдардың қоғамдық өндірістегі орны мен рөліне сәйкес белгіленді.



Қазақстан тарихындағы 1993 жылдың басты оқиғаларының бірі – ұлттық валюта – теңгенің айналымға шығарылуы болатын. Экономикалық тәуелсіздіктің басты тетіктерінің бірі болып табылатын ұлттық валютаның қолданысқа енгізілуі ел тарихындағы маңызды оқиға болып табылды. Ұлттық валюта мемлекеттің экономикалық тәуелсіздігін анықтайтын құралдың да бірі болып есептеледі.

Ұлттық валютаны енгізу мәселесі 1992 жылдың өзінде-ақ ойластырыла

бастаған болатын. Қазақстан Президенті өтпелі кезеңнен өтіп болғанша «рубльдік аймақтың» бұзылуы ТМД елдерінің бір-бірінен алшақтауын тездетіп түсер еді, екіншіден төл ақшаны шығаруға Қазақстан әлі дайын еместігін әрдайым айтып жүретін еді. Бірақ, төтенше жағдайға тап болмас үшін тәуелсіздік алған алғашқы айлардан бастап-ақ Қазақстан ұлттық ақша шығаруға дайындала бастады.

1992 жылы 1 қантардан бастап Ресейде барлық баға босатылды, инфля-

циясының алтын-валюта резерві болуы керектігі де көлденең тартылды. Бұл кезде Қазақстанда шамамен 700 млн долларды ғана қор бар еді.

Қазақстанның рубль аймағында қалыптасқан арасында да ауызбіршілік болмады. Ресей Президенті Б.Ельцин жаңа тұратын рубль аймағын құру туралы құжатқа қол қоярға Ресейдің қаржы министрі Федулов және Ресей Үкіметі Төрағасының орынбасарлары Шохин мен Шахрай егер рубль аймағына Қазақстан қабылданатын болса, өздерінің қызметтен кететіндіктерін мәлімдеді.

Ұлттық ақшаны шығару жөніндегі мәселелер төңірегінде 1993-1995 жылдардағы Қазақстанның Ұлттық Банк Төрағасы Дәулет Сембаев былай деп еске алды: «Талайлар Қазақстан қайда кетеді, керделенді біраз жүреді де өз бетінше өмір сүре алмайтын болған соң алдымызға келіп өзі-ақ жығылды дегені сөзсіз. Осындай пиғылды көргеннен кейін біз мемлекеттің өз ақшасы болмайынша, шын мәнінде тәуелсіздік қолдайтын өлден көз жеткізді. Ресей де, әрине, қарап отырған жоқ еді, Қазақстан рубль аймағында қалғанымыз келеді деп айтуын айтқанымен, басқадай әрекет жасайтын болар деп әр қаламымызды аңдып отырды. Диларо, Дезик деген сияқты банкот шығаратын үлкен компаниялардың тауарын басып, бақылап келетін біз жаксы білеміз... Егер сол тұста бір жерден сыр бергенімізде бар ма, онда Ресей бізге аса ауыр саяси айып тағатын еді және онысының жөні де бар болып шығатын еді. Парламентте рубль аймағы жөнінде шешім қабылдағаннан кейін біз Мәскеуге кезекті кездесуге елауір қанаттанып-ақ бардық, алайда ресейліктер саяси талаптарын тағы да көлденең тарта бастады».

Президенттің Қазақстан валютасын басып шығу туралы құпия жарлығынан кейін осы мәселемен айналысатын жұмыс тобы құрылды. Жұмыс тобының құрамында Г.Марченко, Д.Сембаев, О.Жандосов, О.Шөкеев және Назаров болды. Олар бұрынғы Орталық Комитеттің демалыс үйінде қырық күндей қазармалық жағдайда жұмыс істеді.

1993 жылы 17 маусымда Елбасы Н.Назарбаевтың Жарлығымен Қазақстан Республикасы Президентінің мемлекетке басшылық ету жөніндегі, мемлекеттік тәуелсіздікті, аумақтық тұтастықты қамтамасыз етуге, әлеуметтік-саяси тұрақтылықты дөйекті етуге бағытталған қауіпсіздік саласындағы сыртқы, ішкі және әскери саясатты қалыптастырудағы өкілеттіктерін жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Президенті жауаптан Қазақстан Республикасының Қауіпсіздік Кеңесі құрылды. Оның алғашқы құрамына: Жүкеев Төлеген (Қауіпсіздік Кеңесі Төрағасының орынбасары), Асанбаев Ерік, Терешенко Сергей, Әбіқаев Нұртай, Сүлейменов Теләутай, Нұрмағамбетов Сағадат, Шумов Владимир, Баскенов Болат (мүшелері) және лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы (мүшесі) кірді. Қауіпсіздік Кеңесінің Төрағасы лауазымы бойынша Президент болды. Осылайша 1993 жылы конституциялық реформалармен қатар экономикалық реформалар да табысты жүрді, ішкі, сыртқы саясат және ел қауіпсіздігі нығайтылды.

(Белгілі ғалымдар М.Мұхамедов пен Б.Сырмәмбетов «Тәуелсіздіктің өңі сөгіз жылы: құлдыраудан өрлеуге дейін» атты кітабынан).

ӘЛЕМ АЛАҢДАҒАН АРАЛ

Қызылордада бес мемлекет басшыларының қатысуымен халықаралық конференция өтті

Наурыз айының соңғы күндері Қызылордада Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан Республикалары мен Ресей Федерациясы басшыларының және Елбасының қатысуымен Арал проблемасы жөніндегі халықаралық конференция болып өтті.

Конференцияны Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев сөз сөйлеп ашып, төрағалық етті. Оған Қырғызстан Президенті А.Акаев, Өзбекстан Президенті И.А.Каримов, Тәжікстан Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы И.Ш.Рахманов, Ресей Федерациясы Министрлер Кеңесі Төрағасының орынбасары Г.С.Хижка қатысты.

Конференция Америка Құрама Штаттарында ресми сапармен жүрген Түрікменстан Президентінің осы басқосудың шешімдеріне қосылатындығы жөніндегі өтініші бойынша Түрікменстан делегациясы қатысуда деп есептеледі.

Конференцияда маңызды шешімдер қабылданды. Арал және Арал өңірі проблемаларын шешу, Арал аумағын экологиялық жағынан суықтыру және әлеуметтік-экономикалық дамуы қамтамасыз ету жөніндегі бірқатар іс-қимыл келісіміне қол қойылды.

Арал бассейні проблемалары жөніндегі Мемлекетаралық Кеңестің құрамы бекітілді. Оның құрамына Қызылорда облысының әкімі С.Шаухаманов енді. Мемлекетаралық кеңес Ташкент қаласында, ал филиалы Алматы қаласында болады деген ұйғарым жасалды.

Конференция Аралды құтқару жөніндегі Халықаралық қорды және оның басқармасын құрды, қордың ережесін бекітті. Аралды құтқару жөніндегі Халықаралық қордың Президенті болып Н.Ә.Назарбаев сайланды. Қор Алматыда, оның филиалдары Қызылорда, Нөкіс, Ташауыз қалаларында құрылатыны туралы шешім қабылданды.

Кіндік Азия мен Ресей Федерациясы басшыларының Арал проблемалары жөніндегі Халықаралық конференциясында Біріккен Ұлттар Ұйымына хат қабылданды.

Аралды қорғау жөніндегі Халықаралық қор мен Арал бассейні проблемалары жөніндегі Мемлекетаралық Кеңестің бірқатар мәжілісін 1993 жылдың тамыз айында Нөкісте өткізу жөнінде шешім қабылданды.

Кіндік Азия мен Ресей Федерациясы басшыларының Арал проблемасы жөніндегі Халықаралық Қызылорда конференциясы мазмұндама қабылданды.

ЖЫЛДЫҢ АЙТУЛЫ ОҚИҒАЛАРЫ

• Сыр өңірінде АҚШ-тың Қазақстан Республикасындағы төтенше және өкілетті елшісі Уилья Кортин болды. Ол Арал өңірінде экологиялық апат аймағында тұрып жатқан халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайымен танысты.

• Облысқа арнайы жұмыс сапарымен Болгарияның құрылыс министрі Христо Николаев Төте келді. Ол болгарлық құрылысшылар жүргізіп жатқан Қызылордадағы ТМД елдерінде теңдесі жоқ жаңа аурухананың кешенді құрылысымен танысты. Бұл сапар шетелдік құрылысшылардың облыстық кешенді аурухана құрылысын сапалы аяқтауға деген бекемдігін айғақтады.

• Облыста Бұқарбай батырдың 180 жылдық мерейтойы аталып өтті. Жалағаш ауданында өткен мерейтой шараларына республикадан белгілі өнер қайраткерлері мен шығармашылық өкілдері қатысты.

• Облыста тұрақты түрде азық-түлік жәрменкелерін өткізу тұтыну рыногындағы жағдайды сауықтыруға септігін тигізді. Аталмыш жәрменкелерді өткізу кейін іргі дәстүрге айналды.

• Қармақшы ауданындағы III Интернационал колхозының төрағасы, екі мәрте Социалистік Еңбек Ері Цай Ден Хахтың 80 жылдығы аталып өтілді. • Сыр өңірінде “Гүлдер” мерекесін өткізу дәстүрге айналды. Бұл мерекенің басқа шаралардан есулі айырмашылығы бар. Ол экологиялық апат аймағының дәл жиегінде, табиғаттың қолайсыз аймағында ықылас пен ынта болса, ең нәзік гүлді өсіруге болатынын дәлелдеп берді. • Есімі Сыр бойына ғана емес, республикаға таңымал Алмас Алматов Голландияның Амстердам, Утрих қалаларында болып, әлем халықтарының фольклорлық фестиваліне қатысты.

ТҰТЫНУ РЫНОГЫНДАҒЫ ЖАҒДАЙ САРАПАТТАДЫ

Облыс әкімшілігіне өткен кезекті мәжілісте тұтыну рыногында және қаржы саласында қалыптасқан жағдай сараптан өткізілді. Облыста тауар айналымы бұрынғысынан төмен деңгейде қалып отыр. Көптеген көтерме сауда базарлары өнім өндірушілерден бөлінген ресурстарды толық ала алмады. Облыс бойынша 1953 тонна қант, 972 тонна кондитер бұйымдары, 102 тонна шай, 1555 тонна ет, 110 тонна маргарин және басқа өндіріс тауарлары алынбай қалды.

Сол жылы Министрлер Кабинеті облыс әкімшілігіне 5 мың тонна күрішті басына-бас айырбас жасауға рұқсат берген болатын. Бүгінгі күнге сол өнімнің 2973 тоннасы қалыпты, оның ішінде 1000 тоннасы облыстық тұтынушылар одағына азық-түлік және басқа қажетті заттарды алуға берілді. Осы мерзімде мемлекеттік саудаға 1 миллиард 638 миллион сом мақсатты несие бөлінді, ол азық-түлік және басқа өндіріс заттарын сатып алуға жұмсалды. Осыған қарамастан облыстық тұтынушылар одағының басқармасы және облыстық сауда басқармасы қалыптасқан жағдайға икемділік таныта алмай отырғаны атап көрсетілді. Кей жағдайда жекелеген тауар түрлерінің мемлекеттік саудадан гөрі жекелеген

коммерсанттардың қолында арзан бағамен сатылып жүргені айтылды.

Облыс бойынша 1993 жылдың алты айында қасалық айналымның болжамы бойынша 83,7 процентке, шығыс бойынша 76,8 процентке, эмиссия 72,2 процентке орындалды. Нақты ақшаның тапшылығы жағдайды қиындатып отыр. Облыс бойынша бірінші жартыжылдықта төленген әрбір 100 сомның 57 сомы орталықтан алынған ақша есебінен өтелуде. Бұл көрсеткіш Жаңақорған және Қазалы аудандарында 81-82 сомнан келеді. Қасалық айналымының шығыс бөлігінің осы қарқыны кірістен 4,6 есе артық.

1993 жылдың 1 шілдесінде барлығы 12,1 миллиард сом мөлшерінде еңбексіздік төленбей қалып отыр. Облыс әкімі С.Шаухаманов бұл бағытта шұғыл шаралар қабылдау қажеттігін талап етті. Аудан әкімдері, банк басшылары қалыптасқан жағдайға байланысты қандай шаралар қабылдау қажеттігі жөніндегі өз ұсыныс-пікірлерін білдірді. Жауапты сала басшыларынан қатан сұралды. Ұлттық мемлекеттік банк облыстық басқармасының бастығы Н.Маханжанов алдағы уақытта бұл мәселедегі қауырт жағдайды жеңілдетудің мүмкіндігі барлығына сенім білдірді.

ЖЕКЕШЕЛЕНДІРІЛГЕН НЫСАНДАР ЖҰМЫС ІСТЕЙ БАСТАДЫ

Нарықтық экономикаға көшу кезеңінде мемлекеттік меншікті жекешелендіру шешуші қадам болып табылады. Облыста Қазақстан Республикасының «Мемлекетсіздендіру және жекешелендіру туралы» Заңын орындауға бірқатар жұмыстар атқарылды. Жалпы алғанда, бұл істі табысты ілгері бастыруға қатысты барлық алғы шарттар жасалған еді.

1993 жылдың бірінші ақпанына қарай 253 объекті жекешелендіріліп, облыс осы көрсеткіш жөнінен республиканың кеуде қатарынан орын алды. Ал мемлекеттік

меншік түрін өзгертудің ең алдымен сауда, қоғамдық тамақтандыру және тұрмыстық қызмет салаларын қамтығаны мәлім. Алайда, қазіргі қоғамдық пікір бұлардың пайдалына шешілмей тұр. Жұртшылық тарапынан жаңа меншік иелерінің қызметіне айтылатын өкіне-реніш көп және бұл негізсіз де емес. Кемшіліктер қайдан туындап жатыр? Өзгерген меншік түрлері нәліктен тиісті нәтиже келмеуде?

Облыстың жекешелендірілген сауда және қоғамдық тамақтандыру объектілері

басшыларының қатысуымен болған мәжілісте осы мәселелер қаралды.

Ұжымдық меншіктегі «Бірлестік» сауда бірлестігі жұртшылыққа қызмет көрсетуде он нәтижелерге жетуде. Бөлшек сауда айналымы облыстың орташа деңгейінен 0,8 пайызға жоғары. Облыстан тыс 30 және 5 жергілікті товар жеткізушілермен тұрақты шаруашылық байланысы орнатылған. Соның арқасында бытырғы жылдың соңғы тоқсанында ғана тұтынушыларға 45 миллион сомға жуық зат әкеліп сатылған. Бірлестіктің техникалық ба-

засы нығайтып, кеңею үстінде. Шұжық, конфет цехтарының, 200 тонналық көкөніс қоймасының құрылыстары жүргізілуде. Азық-түлік және ауыл шаруашылық өнімдерін сататын дүкен іске қосылды. Жұмысшылардың саны бұрынғыдан арта түсіп, 150 адамға жетті. Әр қызметкердің орташа айлығы 11,5 мың сомнан айналуда. Тұрмысы төмен кісілерге қайырымдылық көмек көрсетілді. Қосалқы шаруашылықта төрт түлік мал ұстау материалдық игілікке жол ашуда.

ЗАУЫТТАР ТОҚТАП, ЖҰМЫССЫЗДЫҚ БЕЛЕҢ АЛДЫ

1993 жылы облыстың экономикалық жағдайы еліміздегі барлық аймақтар сияқты күрделі күйінде қалды. Әсіресе, тұтыну нарығында ауыр жағдай қалыптасты. Жағдайдың мұндай болуы тұтынушылардың төлем қабілетінің төмендеуімен байланысты еді. Өндірістің негізгі тауар түрлерін өндіру көлемі төмендеді. Коммерциялық сауда нүктелерінде тауар түрлерінің бағасы жоғары болғандықтан, ол жалпы халықтың сатып алуына мүмкіндік бермеді.

Жағдайды мына цифрлар айқындай түседі: 1993 жылдың 1 шілдесіне базардағы тауарлар көлемі артып, оның көлемі сол кездегі бағамен 3,7 млрд сомды құрады. Бір жыл ішінде тұтыну бағасының индексі яғни инфляция өткен жылмен салыстырғанда 1044 пайызға жетті. Өтпелі кезеңнің экономикасында осындай қауырт кезең қалыптасты. Ортақ жүйеден қалған зауыт-фабрикалар жұмысын тоқтатты немесе ішінара жұмыс істеді.

Көпшілік тұрғындарға жиһаз, түрлі-түсті телевизор, магнитофон, тұрмыстық мұздатқыш, кір жуатын және тігін тігетін машиналар сатып алу мүмкін болмай қалды. Олар бір жылдың ішінде ондаған, тіпті жүздеген есе қымбаттады.

Машина құрылысы және металл өңдеу саласындағы жұмыс мүлдем құлдырады. 1992 жылмен салыстырғанда ауыл шаруашылығы машиналарын шығару 35 пайыз-



ЦЕЛЛОЛОЗА-КАРТОН ЗАУЫТЫНЫҢ СОЛ ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨРІНІСІ

ға қысқарды. Ал оларда қажетті қосалқы бөлшектерді шығару екі есеге дейін төмендеді. Бұл өндірістердің қатарында Қызылордадың маңдайалды кәсіпорындарының бірі – “Қызылордарисмаш” зауыты болған еді. Сол сияқты орман, ағаш өңдейтін және картон-қағаз өндіру өнеркәсібінің ахуалы нашарлай түсті. Белді кәсіпорын – ЦҚЗ-да еңбек ырғағы бұзылды. Облыста кірішті өндіру үш есе, темір-бетон бұйымдарын өндіру төрт есе қысқарды.

Тұтыну рыногында нан және нан өнімдерін өндіру қалыпты деңгейде сақталды. Жеңіл өнеркәсіпте, аяқ киім мен тоқыма бұйымдарын шығаруда өнім көлемі едәуір қысқарды.

Еңбек нарығында әсіресе Арал, Қазалы және Жалағаш аудандарында ауыр жағдай қалыптасты. Шығынмен жұмыс істейтін кәсіпорындар мен ұйымдардың саны арта түсті. 1993 жылдың алғашқы жарты жылдығында өнеркәсіптегі көтерме баға 4,6 есе өсті. Олардың ішінде ауыл шаруашылығы машиналары мен тракторларының бағалары 2,4 есе қымбаттады. Өндірістегі тоқылмайтын материалдардың бағасы бір жыл ішінде 8,3 есе өсті.

Бұл жағдай сол кездегі Кеңес Одағынан тәуелсіздік алған барлық бұрынғы одақтас республикаларға тән құбылыс еді. Осыған қарамастан облыстағы әлеуметтік саяси ахуал қалыпты деңгейде болды.

Бетті дайындаған Жолдасбек АҚСАҚАЛОВ.

Бостандық, бірлік, тұрақтылық, өркендеу секілді құндылықтардың арасында қол жеткізген тәуелсіздік біздің басты байлығымыз. Туған өлкеміз Сыр өңіріндегі денсаулық сақтау саласындағы өзгерістер өрлеуі мен құлдырауы, еліміздің тәуелсіздік тұсындағы қайта қарыштауы менің көз алдымда өтіп келеді. Жасыратыны жоқ, 1990 жылдардың бас кезінде облыста халықтың аурушандығы етек ала бастаған болатын. Әсіресе әлеуметтік мәні бар аурулардың көрсеткіші жоғарылап кетті.

Медициналық мекемелердің құрылысы, оларды күрделі жөндеуден өткізу мәселелері тұралап қалды десек те болады. Өйелдердің туу көрсеткіші төмендеп, халықтың демографиялық көрсеткіштері құлдырай бастады. Дәрігерлер мен орта буын мамандар саны кеміді. Осыдан да ел тірлігі түзеісе бастаған шақта басты назар денсаулық саласына ауды. Соның арқасында қиын-қыстау кезеңдерді бастан өткізген салада бұл күндері тиянақты істер атқарылып жатқаны баршаға аян.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев жыл сайын Қазақстан халқына ариған Жолдауларында денсаулық сақтаудың ұлттық жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөліп келеді.

Қазіргі кезде денсаулық сақтау саласының өмір сүруі мен дамуының негізгі қағидасы науқастарға жоғары деңгейдегі медициналық көмек көрсету болып табылады. Республикада жоғары сапалы медициналық көмекті енгізу, кезінде Қазақстан Медицина Холдингіне тапсырылған болатын. Нәтижесінде 4-5 жыл ішінде халыққа сапалы медициналық көмек барлық облыстарда бастау алды.

Еліміздің барлық аумағында медициналық қызметтер сапасының бирыңғай стандарттарын енгізуге, сондай-ақ медицина мекемелерінің материалдық-техникалық жабықталуын бірыңғайландыруға тапсырма да берілді. Медицина саласында аурулар түрлерінің барынша кең спектрін диагностикалау және емдеу, профилактикалық зерттеу «Смарт-медицина», қашықтан емдеу, «электрондық медицина» қызметтері ұлт денсаулығының өзегін қамтитын негізгі басымдықтар ретінде ұсынылды. Медициналық білім беру жүйесін түбірімен жақсарту да күн тәртібінде тұрған мәселе. Осындай нәтижелі жұмыстардың бастауларына басты себепкер медицина қызметкерлері, оның ішінде дәрігерлер болып табылады.

Медицина саласында кемшіліктер аз емес. Бірақ, бір нәрсенің басын ашып айтуымыз керек. Бұл кеше, бүгін емес, осыдан бірнеше жыл туындаған, Кеңестер одағы тұсында келе жатқан зардап десек болады. Медицинаға қаржы құйғанмен, сапасы бірден жақсарып кете салатын сала емес. Біздің бағамдауымызша, білім

беретін жоғары, орта буын мамандар дайындайтын оқу орындары, уақыт талабына сай жетілдіріп оқытуы тиіс.

Жаңа ғасыр медицина саласына күрделі міндеттер жүктей бастады. Сонау XX ғасырда қатталып бір ізге түсірілген медициналық көмек үлгілері түрлі ғылыми-көпшілік еңбектердің жазылуына негіз болды. Медицина саласы алға қарай бет алуда. Бірақ қатып қалған қағида, өзгермес өлшем болуы мүмкін емес. Жылдар бойы қалыптасқан ережелер тәртіптерінен гөрі, мәселенің ақиқатына сүйенсек, біздің диплом алып шыққан кадрларымыздың жалпыға бірдей сапалы медициналық көмек беруге шама шарық-

Айта кететін жайт, мемлекетпен қамтамасыз етуші медициналық ұйымдардың тиімділігін, ақылы емдеу жүргізетін мекемелермен салыстыру әлі де болса қалыптасқан жоқ. Халыққа нарық талабына сай ақылы қызмет түрінің бар екенін және оны орындау басты міндетіміз екенін түсіндірудің өзі әзірге қиындау болып тұрғаны жасырын емес.

Баршамызға түсінікті жағдай, бұрынғы сарыммен жүре беруге болмайды. Өзгерістер, жаңалықтар керек. Дегенде бүгінгі жаңалықтардың негізі бұрын қаланған, кейде бұрынғыны қайталау болуы да мүмкін екенін ескеру керек.

Келешек денсаулық саласында да

ТАЛҒАМ МЕН ТАЛАП БОЛМАСА...

тары жетпейтінін жасыра алмаймыз.

Денсаулық сақтау саласының өрісін өсіретін де, өшіретін де дәрігер. Соңғы кездері дәрігер санасын тұрмыс тауқыметіне билетіп, күнкөріс қаракетіне жөңіріп алғаны да жасырын емес. Бұл өкінішті жайт. Дегенде, ауызды құр шоппен сүртіп отырған жағдайымыз жоқ.

Келісімшарт жасау арқылы мамандарды қайта даярлап, білімдерін жетілдіру соңғы жылдары жақсы өріс алып келеді. Көзделгеніміз – кәсібилікті кемеліне келтіру. Өз ретімен дегендей, жоғымыз бен керектімізді тиісті орындарға айтып, дәлелін ұсынып жатқан жағдайымыз да бар. Шешімін тауып жатқан мәселелер аз емес. Нәтижесінде соңғы жылдары медицинаға қаржы бөлу, емхана мен ауруханалардың ғимараттарын күрделі жөндеуден өткізу ойдағыдай жүріп жатқанын айтқанымыз жөн болар. Максатымыз – медицина саласын қалыптастырып, бекіген дәстүрлі жұмыстарымызды дамытып, облыс халқына сапалы медициналық көмек көрсету.

Денсаулық саласының қазіргі деңгейі кәсіби шеберліктің ұдайы өсуін қалайтындығы ешқандай күмән келтірмейді.

Емдеу аймағындағы медицина жетістіктері ерекше қызығушылық тудырады. Бұл түсінікті де, пациенттер дәрігерді оның қойған диагнозымен емес, емдеу нәтижесіне қарап бағалайды. Емдеу тәсілдерін бағалау үшін критерийлер қолданылады. Олар бар және стандарттау деп аталатын денсаулық сақтаудың халықаралық органдары қабылдаған, біздің кез үшін орташа-арифметикалық сыналған, қазіргі заманғы концепциялар мен жағырларға негізделген.

Бұл жерде медицинада ұдайы жаңа идеялардың, жаңа тәсілдердің туындайтын-ын айта кету керек.

Бұл ретте дәрігерлер үшін маңызды сауал – емдік-диагностикалық процестің сапасын арттыру болып есептеледі және солай қала бермек.

Халықта «Философия» – ғылымның патшасы, алайда бүйректігі тастан құтылу үшін, сізге философ емес, дәрігер-уролог керек» деген бар.

Дәрігерлік істе көптеген құрамдас бөліктер бір-бірімен аттасып және түйісіп жатады: бұл ең алдымен дәрігер, одан кейін сырқат, әрі қарай әлеуметтік – саяси жағдайлар, шинагерлік өнер, қазіргі заманғы күрделі медициналық техника және тағы басқалар. Бүгінде ең алдымен адамн тұлға өзгерді, елде қоғамның әлеуметтік-саяси құрылым басқаға айналды, тұрғындар денсаулығын сақтаудың нарықтық-экономикалық жүйесі пайда болды және ол бекіп келеді.

Бұл кезде қарама-қайшылықтың болмауы мүмкін емес.



бәсекелестік жолға қою қабілеті табылады. Мақсат – саланы жетілдіру, медициналық көмектің деңгейін көтеру, инновациялық идеяларды енгізіп, дамыған елдер қатарынан көріну көзделінеу. Сонымен қатар тегін медициналық көмектің кепілді қолемінің шеңберінде жекеменшіктік медицинаны да дамыту болып табылады.

Айта кеткеніміз жөн, өткен жылдары, яғни 2011-2015, елімізде денсаулық сақтау саласының дамуына байланысты «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында облыста біршама ауқымды жұмыстар атқарылды. Осы мерзімде аурудың алдын алу, емдеу және диагностикалауға, материалдық-техникалық базасын нығайтуға 2015 жылдың өзінде 30,5 млрд теңге бөлініп, жұмсалды. Облыста ана мен бала өлімі азаюда, туу көрсеткіші көбіейіп, әлеуметтік аурушандық көрсеткіштері де кеміді.

Сонымен қатар дәрігерлердің, орта буын медицина қызметкерлерінің біліктілігін көтеру мақсатында да бірсыпыра жұмыстар атқарылды. Науқастарға сапалы медициналық көмек түрлері көбіейіп, мақсатты тәжірибе алмасу жолға қойылып келеді. Соңғы жылдарда облыста өмір сүру ұзақтығының 70,2 жас деңгейіне жеткені қуанады. Өлім көрсеткіші азайып, жаңа туылған нәресте өлімі көрсеткіші төмендеп келеді. Әлеуметтік науқастар саны жылдан жылға кемуде. Дәрігерлердің өз орнында, өз қызметінде жетістікке жетудің

кiлтi, өз мамандығын жақсы көруде және жауапкершілігінде деуге болады.

Облыстық медициналық орталық заманның талабына сай саланың дамуына және науқасқа жоғары сапалы медициналық көмек көрсетудің белгілі бір деңгейінде ықпал жасай алатын облыстағы бірде-бір аурухана болып есептеледі.

Соңғы жылдары облыста медицина орталығында дәрігерлік қызметтің 63 түрінен мемлекеттік лицензия алынған 26 мамандандырылған, 39 параклиникалық бөлімдер жұмыс жасауда. Жүрек ырғағын имплантациялық жасанды қан айналымы арқылы ашық жүрекке ота жасау жолға қойылды. Ми, жүрек, қан тамырларының

жасалып, мүдделі құрылымдар, яғни жұмыс тобы құрылғаны белгілі.

Ауруханалар мен емханалардағы жетістіктерімізді айттық. Енді облыс тұрғындарының, науқас адамдардың дер кезінде медициналық көмекті ұтымды пайдалануы жайлы тарқатып көреліміз.

Біріншіден, жоғары дәрежедегі сапалы көмекке немесе сапалы медициналық көмек алуға бөлінген қаражаттың жетіспеушілігі бар (мен облыстық медицина орталығын айтамын) және бөлінетін қаражат жылдан жылға кемуде.

Екіншіден, медициналық көмектің облысымыздағы қолжетімді жетістіктері әлі де болса жеткіліксіз деуге болады.

Осыған байланысты науқас адамдар медициналық көмекті сырттан іздей бастайды. Бұл жергілікті дәрігерлердің кемшіл тұстары.

Үшіншіден, емханалар мен ауруханалардың науқастарға медициналық көмек көрсетудегі жаңалықтары мен жетістіктерінің жергілікті ақпарат құралдарынан насихатталуы кемшін. Бұл жерде менің айтпағым, барымызда бағалауымыз керек.

Шындығына келетін болсақ, біздің облыста науқастарға көрсетіліп жатқан медициналық көмектің деңгейі республикамызда алдыңғы бестік ішінде тұр.

Ашығын айту керек, барлық дерт соңы науқастың толық айығуымен аяқталмайды. Оның ондаған себеп-салдары бар. Бұған ағзаның көріліктен әлсіреуі, өмір салтын дұрыс ұстанбау, пациенттің зиянды әдеттері (қомағайлық, темекі шегу, алкогольмен шектен тыс әуестену, т.б.) дер кезінде дәрігерге қаралмау, жүйелі емделмеу, дәрігерге бұрын мәлім емес кейбір дәрі-дәрмектерге ерекше сезімталдық, кейбір ағзалар мен жүйелер дамуының ауытқулары (аномалиялар) басқа да себептер жатады.

Мұндай жағдайларда дерттің қолайсыз нәтижесінің объективті тұрғыда арқаулан жолын табу мүмкін емес.

Мемлекет басшысы өзінің «Ұлт жоспары – Қазақстанның арманға бастайтын жол» атты мақаласында денсаулық сақтау саласын медициналық қызметтің

сапасын арттыру бойынша соны реформа, үлкен өзгерістердің күтіп тұрғанын атап өткен болатын. Біз өз тарапымыздан бұл бастамаларды қолдап және бар мүмкіндіктерді пайдаланып, тиісті үлес қосуға міндеттіміз.

Бұл тұрғыда облыстық денсаулық сақтау басқармасының мақсат-міндеті айқын деуге болады.

Өмір мен өлім күресінің ішінде біте қайнап, қолдарынан келген медициналық көмектерін, жан мен тән дертіне шалдыққан азаматтардың қиналысының жеңілдеуіне аянбай атсалысып жүрген медицина қызметкерлері қаншама. Емделген адамдар отбасына барып, тіршіліктеріне кірісіп, бақытқа бөленуде. Өрине, дәрігерлерге өздерінің рахметін айтып жатқан болар.

Дегенде, денсаулық сақтау саласында жеткен жетістіктеріміз де, жіберген кемшіліктеріміз де бар. Болып жатқан кемшіліктерді түзеуге болады, тек сол бағытта жұмыс жүргізу керек екені белгілі.

Қазіргі таңдағы медицина мүмкіндігі мен жетістіктері жақын маңдағы ең батыл деген армандарды да басып озды. Дегенде, қол жеткен табыс пен әлі шешімін таппаған мәселелерді нақты және мұқият таразылап, оптимист болумен қатар жас дәрігерлерге медициналық деонтология мен әдептілік тұрғыда тәрбиелеу жолында кездесетін қиындықтарды бағалауда реалист болуды жүктейді.

Дәрігерлерге жастық араша бола алмайды. Сондықтан, жастарымызда инициативті алға тарту мінезі болуға тиіс, сонда ғана кәсіби қызмет көрсете алады. Ашы да болса айтамын «Талабы жоқ жас – қанаты жоқ құспен тең» деген дана халқымыз.

«Адам баласының ең жаманы – талапсыздық» – Абай.

Жақында аймақ басшысы Қ.Кошербаев ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму вице-министрі Е.А.Біртановтың және аудан әкімдерінің қатысуымен «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының 2015 жылы атқарған жұмыстарының қорытындысы және 2016 жылы алға қойылған міндеттерін (бандамашы А.Ш.Әліназарова) алқа мәжілісі отырысында облыстағы медициналық көмек көрсетуде, қазіргі таңда ауруханалар мен емханалардың материалдық базаларының нығайтуы, денсаулық саласына қаралған қаржының жылдан жылға өсуі, ана мен бала өлім көрсеткішінің төмендеуі, жалпы аурушандықтың біршама азаюын айта келе, әлі де болса денсаулық сақтау саласында шешімін таппай келе жатқан мәселелердің барын, ана мен бала өлімінің облысымызда жоғары деңгейде қалуы, бас дәрігерлердің жауапкершілік арттыру мақсатында барлық алдында міндетті түрде есеп беріп отыруын қатаң түрде ескерткен болатын.

Сонымен қатар облыс әкімі саланы дамыту мәселелері ерекше назарда болып, сала басшылары мен қала, аудан әкімдері алдында бірақар міндеттер қойды.

Денсаулық сақтау саласындағы мақсатты жұмыстар сараланып, ең бастысы медициналық сапалы қызмет көрсету уақыт талабына сай, қолдау табатыны да ескертілді.

«Денсаулық» 2016-2019 мемлекеттік бағдарламасын басшылыққа алып, бирыңғай ұлттық денсаулық жүйесі аясында денсаулық сақшылары өздерінің жұмыстарын одан әрі мақсатты түрде жүргізе беретіні сөзсіз. Бініктен көрінуіміздің белгісі осы. Адам мамандығының құлы болмай – еңбегінің құны болмайды.

Олай болса, келешекте атқарылар шаруа жеткілікті, ауқымы зор. Осы айтылған жетістіктеріміз мемлекетіміздің тәуелсіздігінің жемісі болып табылады.

Тұрғанбай МАХАНОВ,
Қазақстан Республикасының еңбегісінген дәрігер.

● ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

Ислам — бейбіт дін. Ол осы қасиетімен ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, күні бүгінге дейін исі қазақтың бөлінбес еншісіндей болып кетті. Әрдайым адалдығымен, әділдікке құштар көңілмен, дарқандығымен дараланған ата-бабаларымыздың исламды, оның ішінде өзінің салт-дәстүр, мінез-құлық, жан-дүниесінің үндестігін дәл басқан Имам Ағзам мәзһабын таңдауы кездейсоқтық емес.

Бейбітшіл еліміздің берекесін ойлаған бабаларымыз ұрпақтарына: «Бөлінгенді бөрі жейді» немесе «Өзіңе өзін бекем бол, қонсыңды ұры тұтпа», «Алла сактансаң сактайды», - деген мәні терең сөз қалдырған. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Біз – темігіз түрік, дініміз – Ислам екенін ұмытпауымыз керек. Ол үшін қасиетті кітап – Құран Кәрімді насихаттауды естен шығармауымыз керек», - деп, ата-бабамыз ғасырлар бойы ұстанып келген мұсылман дінінің тарихын, әдеп-тұрпын, рәсімдерін, шарият жолдарын оқып-үйрену бәрімізге парыз екендігін ескертті.

Иә, әрбір мұсылман шарият жолдарын оқып білгені абзал. Өйтсе де, Ислам діні білім мұхиты десек, оның әр саласына байланысты мыңдаған кітап бар. Фикһ, ақида болсын, олардың өзінде әр бағыттың бір мәселесіне ариған жүздеген, мыңдаған кітап бар. Ал оны оқып жатуда әркімнің мүмкіндігі, уақыты бола бермейді. Уақыты болса тіл білмейді, кәсіби білігі жетпейді. Міне, осыны ескерген Қазақстан мұсылмандар діни басқармасы өткен жылы Астана қаласында өткізілген Имамдар форумында Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасын қабылдады. Бұл Қазақстан мұсылмандарының діни саладағы бағыты мен бағдарын айқындайтын негізгі құжат деуге болады. ҚМДБ жанындағы Ғұламадар кеңесі мақұлдаған осы құжатта мұсылманның негізгі сенімі, зайыры қоғамға қатысты ұстанымдары, ұлттымыздың алдындағы міндеттері, дінаралық қарым-қатынасты нығайтудағы рөл, салт-дәстүрлерімізге құрметпен қарауы, білім мен ғылымды меңгеруі, отбасы құрылымы, теріс ағымдарға қатысты ұстанымы, т.б. мәселелер қамтылды. Бір сөзбен айтқанда, еліміздегі мұсылмандардың күнделікті тиыс-тіршілігінен бастап, ел тұтасын сақтаудағы рөл ескерілді. Тұғырнама халықтар достығы мен бірлігін одан әрі нығайтуға өз үлесін қосады.

Қазақстан мұсылмандарының тұғырнамасы 13 бөлім мен бірнеше бөлімшелер негізінде дайындалды. Негізгі діни ұстанымдар қатарына ең әуелі сенім мәселесі айқындалған. Мұ-



сылманның Аллаға, Оның пайғамбарлары мен періштелеріне, кітаптарына деген сенімі қандай болу керек? Төл мәзһабында, дәстүрлі жолымыз Әбу Ханифа мазһабына қатысты қозқарасы мен ұстанымы тұғырнамамыз бірінші бөлімінде нық айтылған. Алғашқы бөлімде негізгі діни ұстанымдардағы Ислам негіздері келесі ұғымдармен айқындалған. «Ислам» сөзі «Құдайға толық мойынсұну», «бейбіт адам болу» деген мағыналарды білдіреді. Ислам дінінің негіздері бесеу. Олар: иман, намаз, ораза, зекет және қажылық. Ислам діні құшылықтардың көркем түрде орындалуын талап етеді. ҚМДБ Ислам дінінің сүнниттік бағытын, оның ішінде имам Әбу Ханифа мазһабын ұстанады. Мұсылман үмбетінің басым көпшілігіне ортақ сенім ұстанымдары мен шарият шарттарын уағыздайды. Сенім, иман мәселелерінде имам Матуриди ақидалық мектебінің жолын ұстанады. Иман негіздері (ақида) Иман дегеніміз – жүреппен сеніп, тілмен айту. Иманның жеті шарты бар екені айтылады. Осы жеті шарт келтіріп өтелік.

1.Алла Тағаланың бар әрі бір екендігіне сену; 2.Періштелерге

сену; 3.Кітаптарына сену; 4.Пайғамбарларына сену; 5.Ақырет күніне сену; 6.Тағдырға (жасалық пен жамандық тек Алладан екеніне) сену; 7.Өлгеннен соң қайта тірілу бар екендігіне сену. Мұнан әрі қарай Ақида – мұсылманның сенім мәселелерін қарастыратын ілім екені көрсетіледі. Мұсылман ақидасының түпнегізі – Құран мен Сүннет. Әрбір мұсылман: «Аллаға, оның Өзіне тән есімдері мен сипаттарына кәміл иман келтірдім әрі Оған барлық әмірлеріне толық бойынсынап, қабыл алдым», - деп илануы қажет деп тұғырнамада анық жазылған. Ал шарият негізі (фикһ) бөлімінде Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы шарият мәселелерінде Әбу Ханифа мазһабын басшылыққа алады. Шариятты зерттейтін ілім «Фикһ» деп аталатыны айтылады.. Ханафи мазһабының негізін қалаушы – Нұғман ибн Сәбит Имам Ағзам Әбу Ханифа (80-150/699-767). Өзім мұсылмандарының шамамен 50 пайызынан астамы ұстанатын бұл мазһаб – Қазақстан мұсылмандарының сан ғасырлардан бергі сара жолы.

Қазақ елі зайыры мемлекет. Біздің өз елдерден ерекшелігіміз де, артықшылығымыз да осында. Зайыры ел дінсіз ел дегенді білдірмейді. Керісінше, азаматтардың діни сеніміне еркіндік берілді. Бұл – ұлы нығмет. Осынау итілікке шүкір етіп, өзге де дін өкілдерінің сеніміне құрметпен қарау мұсылмандығымыздың белгісі. «Ислам және зайыры қоғам» деп аталатын екінші бөлім халқымызды тағаттылық жолын таңдауға, бірлігімізге бекем болуға үндейді. Сонымен қатар, тұғырнамада отансүйгіштік, әскери борышты өтеу, ұлт құндылықтарын ұлғасту, салт-дәстүрлерді қадірлеу, білім мен ғылымды игеру, адауы бірлігіне ұйытқы болу, құноға жетелейтін істерден іргені аудақ салып, ел ішіне ірікті салатын теріс пайғалды ағымдардан сақтану сынды сауапты амалдарды атқару ұсынылды.

Осы тұғырнама еліміздегі мұсылман үмбетінің түрлі діни пікір алудыңғына байланысты бөлінуіне жол бермеуді мақсат етеді. Тұғырнама мұсылман қауымының Құран Кәрім мен хазіреті Мұхаммед пайғамбар (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көрсеткен дұрыс жолдан таймауына, мазһаб пен сенімге (ақидаға) байланысты жік-жікке бөлінуіне, Ислам дінінің бейбітшілік пен бірлікке шақырған тура жолымен жүруіне ықпалы етеді деп сенеміз.

ҚМДБ ұстанымы халқымыздың өткені мен келешегін жалғастыратын алтын көпір. Бұл мәселе Қазақстан мұсылмандары

тұғырнамасында (КМТ) толық көрсетілген. Сондықтан, оның барлығын нақты, қысқартылған, аз сөзбен көп мағына қамтыған тұжырымдаманы оқыған мұсылман баласы біраз мәселеге көзі жетеді. Ислам дінінің Отан, ұлтқа дәстүрге деген ұстанымдары тұғырнамада толық айтылған. Яғни Ислам дінінің Отанды сүюге үндеуі, әр халықтың өз қалпын сақтап қалуға жол көрсететіні айтылған. Сондықтан бұл тұғырнама қазақ халқы Ислам дінін ұстана отырып, өзінің дәстүрлерін, ұлттық келбетін сақтап қалуға толық мүмкіндігі бар деген ұстаным, дінінен қорықпай, Ислам діні қайта қазақ халқының ұлт болып сақталып қалуына көмектесетін фактор ретінде қарауға негіз берді.

Ислам дінінде оқу-білім мәселесі ең бірінші орында. Білім алудың әрі ізденудің сауабы Рамазан айында басқа айлардан да мол екенін ескерте кеткен жөн. Құран кәрімде ілім-білім жөнінде жүз бес рет айтылады. Өйткені білімсіз дүниенің бәрі бос. Ал әрбір жаманшылықтың, тіпті күпір мен ширктін басында надандық пен білімсіздіктің тұнып тұратынын білгеніміз жөн. Қасиетті Құранда: «Раббым! Менің білімімді арттыр де!» дейді. Ұлы Жаратушы Иеміз Пайғамбарымызға білімнің тысында қандай да бір нәрсені арттыра тор, - деп дұға етуді бұйырмаған. Өйткені білім нағыз таусылмайтын қазына еді.

Дін – қоғамның негізгі тірегінің бірі болғандықтан, қай кезде де халық сұранысына не болатындығы анық. Тісінше ол жүйелену және бағытталумен қамтамасыз етілмесе, қазіргі кезде көрініс тауып отырған «қария діншілдік» немесе дін ұстанудың сәнге айналуы, дінге түбегейлі беріліп, фанатизмге бой алдыру, болмаса, тек бірбеткейлік таныту арқылы экстремистік топтар қатарына қосылу секілді жағымсыз факторларды туындатады. Сол себепті, Қазақстан үшін дәстүрлі сүнниттік Исламның ханафи мазһабының ұстанымдарын насихаттауда теологиялық тәсілдерден бұрын Исламның халықтың тарихи өткен кезеңі мен ұлттық салт-дәстүрлерімен сабақтастық, отансүйгіштік пен ұлттық қауіпсіздік қағидаларына құрмет ілеяларын үйлестіре насихаттау аса маңызды. Осы орайда Қазақстан Мұсылмандар тұғырнамасында айқындалған бағыттармен жұмыс жүргізу аса маңызды.

Қазақстан әлем алдында досқа қамкор, дұшпанаға кешірілді, көшірілерге мейірімді ел екендігін дәлелдеп келеді. Дана халқымыз: «Бірлік бар жерде тірлік бар», - дейді. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының осы тұғырнамасы еліміздегі мұсылман үмбетінің түрлі діни пікір алудыңғына байланысты бөлінуіне жол бермеуді мақсат етеді. Мешіт жамағатының Құран Кәрім мен хазіреті Мұхаммед пайғамбар (Оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) көрсеткен дұрыс жолдан таймауына, мазһаб пен сенімге (ақидаға) байланысты жік-жікке бөлінуіне, Ислам дінінің бейбітшілік пен бірлікке шақырған тура жолымен жүруге тұғырнаманың ықпалы болады деген сенімдеміз.

Жеңіс САДЫКОВ,
«Құддыс пшан» мешітінің имамы.

ҚЫЗ–КЕЛІНШЕКТЕР ЖЫРЛАЙДЫ

Көктем көшіп келеді, көктем көшіп, Қайта оралған құстардың қанатында



Көктем өрнектері

Сезілгенмен ақпанның салқыны әлі,
Нұрлы шуақ, көктем боп бар құмары,
Қар астынан қылтып бөйшешек гүл,
Күн нұрына сәбидей талпынады.

Нәзік гүлім, өжет те қайсар гүлім,
“Көктем келе жатыр” деп жар сал бүгін!
Ақ қар еріп барады жылай ағып,
Ағаштар да көзіне тамшы алды кіл...

Күміс сәуле дірілдеп кірпігінде,
Жанарына үйірлі күлкі Күн де,
Көктем бүрлеп келеді, көктем бүрлеп,
Жарып шыққан қайыңның бүршігінде.

Қаранышпы! Түн-тұнық таң атуда,
Туған жерге шұғыласын таратуда,
Көктем көшіп келеді, көктем көшіп,
Қайта оралған құстардың қанатында.

Көктем кеп гүлдегенде алма бағы,
Ғажайып күй тербейді айналаны,
Тыңдағын махаббаттың сырлы сазын,
Жүректер бір-біріне байланады.



МЕЙІРІМ ҒОЙ, КЕУДЕМІЗДІҢ ДҮРСІЛІ

Күн секілді күліп
келген әлемге
Көздерінде сәулесі
бар Ғаламның.
Күдіретті сыйлап
Тәңір әйелге,
Тұнық етті
тамшысындай
жанардың.
Ғажайыпқа бөлеу
үшін Жер бетін

Бәлкім, солай, өзгешелеу туылдық.
Түн қойнында тал бесікті тербетіп,
Тансәріде таң шығына жуындық.
Біздің ғұмыр өзгешелеу, расында.
Мейірім ғой – кеудеміздің дүрсілі.
Ана болсақ, айналамыз Асылға.
Бойымызда Жаратқанның тылсымы



ІЗДЕ МЕНІ...

Дүлейдей борандағы
қақырап-төніп,
Жоғалып кетем,
табылмай түзге
асам да.
Күздегі сағыныш
тектес жапырақ
болып,
Сен мені ізде
сонда...

Шыдай алмайсың сен оған, тіпті де ерсең,
Бітпейтін жол бар, ауытпен сыр ашып алам.
Көктемгі жарған бүрлерден шықты көрсең,
Сен мені сұрашы содан...

Сұрашы содан, біледі ол, біледі бәрін,
Мәлт етер сосын, тамшыларменен тізген мұн.
Біледі сол шық бір қыздың жүрегі барын,
Ішінде жүрексіздердің!

Ізде сен солай, қараусыз жыламайын мен,
Кеудене тағар алқадай жүз үмітті шен.
Мен шық болам да, нәркес бұл тула бойыммен,
Дір етсе, үзіліп түсем...

Жаратты дейсің жарығым, кенде ғып кімге,
Құстардан жеткен хаттардай бола алар сырым.
Мәлдір шықтайын көрінбей пенде біткенге,
Бір күні жоғалам, шыным...

ӨЛЕҢ ТАМШЫ

Сағыныштың түсі жок
Сезімдерді саз балшықтай илеген.
Жалғыз мен бе сағыныштан құса боп,
Тамшылармен билеген...

Уыздай түн үмітімді жок қылып,
Сүйесің бе? - деп сұрайды жей менен.
Тамшыларға жүрегімді өптіріп
Тыныштықта тербелем.

О, тынышық бітпесе екен байырғы ән...
Өмір үшін сүйе аламын өлімді.
Ақ жанырлар! Тәңір үшін жайылған
Жылытыңдар қонымды.

Қорықпаймын боп кетер деп түн ғайып,
Жұлдыз санап өткіземін бұл айды.
Маэстро! Тыныштықты тыңдайық,
бүгін жаныр емес –
Өлең, аппақ өлең тамшылайды...

Дина БӨКЕБАЙ,
Қазалы ауданы Қожабақы ауылындағы
орта мектептің 10-сынып оқушысы,
облыстық, республикалық жыр
мүшәйраларының жүлдегері.

Сәуірдің сәуелі аппақ таңы атады,
Дүниеге нұр-шуағын таратады.
Тау – жасыл,
Көк те – жасыл,
Жер де – жасыл,
Сұлулық сұқтандырып қаратады!

Табиғат бойға жиып бар асылын,
Табады сұлулықпен жарасымын.
Гүл-көктем табындырар көркеменен,
Есін ап адамзаттың баласының!

Жаңбырлы күн

Тамшылары сағалап сай-жыраны,
Шелектеп тұр далада жаңбыр әлі...
Жүрші, құрбым, келейік қырға шығып,
Көп ұзамай табиғат жаңғырады...

Күн шұғыласы шашылар кез келеді,
Дала сол бір сәт ғаламат өзгереді.
Жаңбырдан соң құлпырған табиғаттың,
Сұлулығын ғажайып көз көреді.

Кең даланың ой-қыры, жазығына,
Жайылады тіршілік сазы мына.
Күн кірпігі қытықтап оятады,
Жасырынған гүлдерді қауызана.

Сыртта жаңбыр әзірше ән салып тұр,
Ырғағына елтиді тамсанып қыр.
Қаусар ауа, көк иісі бүркыраған,
Қалар жаның рахат жай тауып бірі!

Керегі не өзіннен сыр жасырып,
Көңілім бұл күн жабырқау жүр басылып.
Менің дауам – таза ауа, кең дала ғой
Жүрші, құрбым, келейік қырға шығып!

Қатира ЖӘЛЕНОВА.

Жүзімізде жаутаң қағып ізгі үміт
Бақытты етіп мынау ғазиз Жалғанды
Өшпесін деп жан-тәнімде Ізгілік
Біздер кейде тәрк етеміз Арманды
Солай, солай...
Біздер жұмбақ қауымбыз.
Күлкісімен көздің жасын жасырған
Бәлкім біздер Көктем сүйген Жауынбыз.
Сағынышы жазмышына бас ұрған.
Үмітінің нәзік жібін үзбеген
Шын ынтызар бола алмайтын, сенбесе.
Әр күн сайын, тек жақсылық іздеген
Біздің ғұмыр ғажайып қой, Ендеше!

Толқын ҚАБЫЛША,
Халықаралық Жазушылар
одағының мүшесі.

СЕН ҒАНА

Жүрегі жоқ жандардан
барам налып,
Барлығы да шаршатты
мазамды алып...
Білесің бе, дәл қазір
қашып кетіп,
Жасырынғым келеді саған
барып!

Жүрегіме жиналып
өкпе, кек, мұң,
Тым беймаза,
көңілсіз болып
кеттім.
Өтінемін, өзің кеп,
өзге әлемге
Ұста дағы қолымнан
алып кеткін!

Жолатпаймын жаныма жан баласын,
Аласұрып іздеймін жан дауасын!
Менің мың сан құбылар бұл халімді
Түсінетін тілсіз-ақ, сен ғанасың!
Моншақтайын мойныма тағылып мұң,
Сезімімнің көрпесін жақылыппын.
Сен қасымда болғанда бақыттымын,
Алыстасан, бәрінен жалғыппын!
Саған деген сағыныш, сезім бекем,
Жүрегіңнің тәтті үнін сезіп өтем!
Тағдырымның таусылмас мазасынан
Сақтап тұрған жанымды өзің екен!
Тарту еттің жаныңның тосын гүлін,
Керемет тым көңілдің қошы бүгін!
Сенің ақын болуың шарт емес түк
Мендік мұнды түсіну үшін, Күнім!

ҮНСІЗ КІСІГЕ

Болса-дағы бойында тылсым күшің
Сүйкімдісің, сен сонша сүйкімдісің!
Қабағыңа қарасам, ашылмаған,
Мүнмен бірге жаралған секілдісің.
Көздерінде тұрады жұмбақ дөйім
Білгім келіп жауабын жалтақтаймын.
Мен өзіңе ашылғым келсе-дағы,
Мылқау жандай бір түйір тіл қатпаймын.
Бәлкім бұл да дұрыс-ақ екеумізге,
Сен көк Аспан, ал мен Жер екенбіз де.
Сыр айттысып, тіл қатсақ, о Жаратқан,
Жапа шегіп қалармыз екеуміз де!
Одан қайта жаңылмай гүрпымыздан
Сен де, мен де үнсіздік шырқын бұзбап!
Баяғыша жүрейік жас бала боп,
Сыр аңдысып құпия, сыртымыздан.
Үнсіздікке үнемі жакын кісі,
Тондырмасын, өмірдің салқын күзі!
Тілекші боп жүреді деп білерсіз
Сырдың сыршыл әдемі ақын қызы!

Назерке ҚАСЫМХАНҚЫЗЫ,
Қорқыт Ата атындағы Қызылорда
мемлекеттік университеті тарих
факультетінің 4-курс студенті.

КӨКТЕМ КЕЛСЕ

Барлық өмір гүлге айналып кетеді,
Сағынышым жыр боп саған жетеді.
Жаланаық жүгіремін қырқаға,
Желмен ойнап көк көйлектің етегі.

Көктем келсе,
Далам жайнап, жасыл нұрға толады.
Қырқа мені шақырғандай болады.
Көбелектер гүл екен деп қала ма,
Менің бүрме көйлегіме қонады.

Көктем келсе,
Реніш, мұң ысырылып тасталып,
Көңілімде шаттық әні басталып,
Қуаныштан бас айналып бір сәтке,
Құлай кетем көк шалғынды жаста-
нып...

ЖЫР, ҚҰЙЫЛШЫ ЖАНЫМА

Қыстың мынау соңғы айы – өктем желі,
Жабырқатып жүр еді көптен бері.
Құйылшы жыр, жаныма, құйылшы нұр,
Жадыратып көңілді көктем лебі.

Тебіренбей, шайқамай көңілімді,
Қалай босқа өткізем өмірімді.
Туған жерім, көктемде жанаратын,
Қайтайыншы аралап өңірінді.

Жырым сонда гүл болып ашыласың,
Кеудемдегі сыр-моншақ шашыласың.
Мен өзіңе сыр айтам талай мәрте,
Ұшырумен көңілдің қаршығасын.



Ей жырларым, өзіңді серік еттім,
Сезім – шоктар, кеудемді көрік еттің.
Кей жігерің жандардан биіктетіп,
Өзің мені болаттай берік еттің.

Жырым болып өмірім жалғаса бер,
Белестерден мүдірмей алға аса бер.
Тағдырымнан сұрарым жүрек тербер,
Сезімдерім жыр болып алмаса бер...

АҚ ЖАУЫН КҮТЕМ

Ақ жауын күтем көктемнің алғаш
айында,
Сыр айтар маған сыбырлап өзің жай-
ында.
Соңғы әні қыстың ақ ұлпа болып
төгіліп,
Ақ шәлі жапқан бүр атқан жап-жас қайың да!

Қар жауды бүгін аппақ қып жерді, өңірді,
Ақ сезімге ұқсас ақ нұрға малды көңілді.
Ырыс боп жауған көктемнің алғаш айында,
Ұлпа қар маған бөйшешек болып көрінді.

Көңілде бар айтылмай жатқан сыр әлі,
Шарықтап кетті шабыттың алғыр қыраны.
Қыс жайлы бүгін назымды айтып қалайын,
Өз әуенімен басталар көктем жыр-әні.

Лүпілдеп жүрек кеудеге сыймай тулайды,
Көгілдір әйнек көңілдің көзін булайды.
Шуақты күні еріген сендей көңілде,
Жамырай тасып, шағала-сезім шулайды.

Қаршыға ЕСІМСЕЙТОВА.



АҚЫННЫҢ ЖАРЫ

Көңілді билесе де сары
уайым ой,
Аңсаған арманым
айналған соң,
Мен саған өкпелей де
алмаймын ғой.

Елес-нұрын қиялда
гүлден құрап,
Қыз жүрегін бүрлер
ақыным-ау,
Қызғану да өзіңді
үлкен күнә.

Қашан келсең, дастархан,
түз-дәм дайын,
Хаттар келіп жатса да ағыл-тегіл,
Қабырып қара сөзден қызғанбайын.

Асқынса да жүректе жара, сорам,
Жанарыңда бұлқынып бойжеткен қыз
Жатса да,
Байқамаған бола салам.

Сені сүйем! Ай мен Күн күз соған,
Жағасында көйлектің ерін табы,
Ештеңе етпес (ерінбей) жуа салам!

Қыздардың арасында бағаң зор, ә!
Екі-үш күн төсегімде жалғыз қонсам,
Керісіп керегі не соған бола.

Базарына бар ғұмыр бәсін киып,
Ашуымды жеңдіріп ақылыма,
Аңқылына өтермін басымды иіп.

Ер алдында әйелдің ақысы көп,
Хордың қызы болса да қандай әйел,
Құрықтауға Ақынды қақысы жоқ!

Білем ғой жасқасаң да, қоптасаң да:
Ақын түгіл, бір еркек бір әйелмен,
Бақытты бола алмайды ешқашанда!

Үдесінен шықсын деп тіккен үйін,
Қиын маған өлең қып жазу мұны,



Ал өмірде орындау тіптен қиын.

Ақылың мен ашуың жақын қонса,
Ақынға әйел болу оңай емес,
Ол әйелдің өзі де ақын болса!

СУРЕТШІ

Шеберхана... Мәз өмірмен мұндасып,
Бояу біткен күбір-күбір сырласып.
Суретші отыр көшіре алмай қағазға,
Ойындағы әлдеқайда жұмбақтай.

Ойындағы сурет – анық, сұп-сұлу,
Қарашығы қара түндей тұп-тұнық.
Езуіне күлкі үйірген... Күлкісі
Күлді әлемнің құпиясын ұқтырып.

Ал кекілі кескінімен үйлескен,
Шашын жайып жөберіпті түйместен.
Еріндері ерін емес – қызыл шок,
Бар еркіннен айырады сүйместен.

Күннен сәуле суырады кірпігі,
Кірпігіне кілең маржан іркіліп,
Жақынынан жақын болған бұл әйел,
Джақондадан әлдеқайда жұмбақтау.

Бұл суретке аз-ау сірә құр мақтау,
Суретші де өз мұнына мын батты-ау.
Жақынынан жақын болған бұл әйел,
Джақондадан әлдеқайда жұмбақтау.

Қабырғалар қоныр мұңды күй тыңдап,
Қоныр сурет – аяулы арман, сүйкімді-ақ!
Түніменен жан бітіріп суретке,
Ал тапертең жыртады оны кикымдап.

Суретшінің жаны толған шер еді,
Қалам ұшы – қара баяу қорегі.
Аяулы әні көшкен кезде қағазға,
Боюлары жылап қала береді.

Араласып сағыныш пен самалы,
Қаламының құрып біткен амалы.
Бүгін оны ұмытпаға бекінген,
Ертең тағы сол суретті салады.

Ертең тағы үркітеді ұйқыны,
Боюлардың басталады сиқыры.
Сағынышы құлсалғышта түтіндеп,
Арманының шашылады кикымы.

Шеберхана... ауасы – ауыр, түнек дем,
Суретші отыр өз ойынан дір еткен.
Бір суретті көшіре алмай қағазға,
Не онысын өшіре алмай жүректен.

Асылзат АРЫСТАНБЕК,
Халықаралық «Шабды» шығармашыл
жастар фестивалінің лауреаты.

● ЖИЫН

МҮГЕДЕКТЕР ҚОҒАМЫНЫҢ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

Қызылордадағы теміржолшылар клубында “Об-
лыстық мүгедектер қоғамы” қоғамдық бірлестігінің
есеп беру-сайлау конференциясы болып өтті. Кон-
ференция жұмысын облыс әкімінің мүгедектер ісі
жөніндегі кеңесшісі Нұрмұрат Ерманов жүргізді.

Конференцияға облыстық мүгедектер қоғамының
баскарма мүшелері, Қызылорда қаласы мен аудандық
мүгедектер қоғамының төрағалары, мүгедектермен жұмыс
жасайтын қоғамдық бірлестіктер төрағалары мен өкілдері
және делегаттар қатысты.

Конференцияның күн тәртібінде үш мәселе қаралып,
оның алғашқысында “Облыстық мүгедектер қоғамы”
қоғамдық бірлестігінің атқарылған жұмыстары туралы
есепті тыңдалып, талқыланды.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша
мүгедектерді әлеуметтік қорғау – маңызды басымдықтардың
бірінен саналады десек, аймақта мүгедектерді әлеуметтік
қорғау мақсатында үйлестіру кеңесі жұмыс жасап, оның оты-
рыстарында мүмкіндігі шектеулі жандардың құқықтарын
қорғау және олардың өмір сүру сапасын жақсарту мәселелері
ұдайы талқыланып келеді.

Облыстық бюджет есебінен мүгедектерді кресло-
арбалармен, таяқтармен, балдақтармен, тифло және
сурдоқұралдармен, протезді-ортопедиялық көмектүрлерімен
және санаторий-курорттық емделумен қамтамасыз ету
үшін үстіміздегі жылға 326,6 млн теңге бөлініпті. Кресло-
арбалармен жүретін мүгедектердің қоғамдық көліктерге
қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында “Байқоңыр”
әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациясының қолдауымен ап-
парельдермен жабдықталған 30 автобус алынып, олар
бұл күндері қалаішілік №1 және №18 маршруттарда жо-
лаушы тасымалдау қызметін көрсетуде. Сондай-ақ, мың
жарымға жуық мүгедектер және кресло-арбамен жүретін
мүгедектерге Қызылорда қаласы мен аудан орталықтарында
“Әлеуметтік такси” қызметі көрсетіледі.

Конференцияда “Облыстық мүгедектер қоғамы”
қоғамдық бірлестігінің баскарма құрамы және қоғам
төрағасы болып Мұрат Жұмаділдаев сайланды.

Бақтыбай БЕРДІБАЕВ.

● АРДАГЕРЛЕР

ҒИБРАТТЫ ҒҰМЫР

Жұртына қалтқысыз кызмет етіп, абырой биігінен көрініп жүрген ағаларымыздың бірі – Максұт Айгелдиев. Ол 1941 жылы Арал ауданына қарасты Қамыстыбас ауылында дүниеге келген. Өңірдегі орта мектепті бітірген соң, Арал қаласында қайық жүргізуші мамандығы бойынша 3 жыл-дай білім алды. 1961 жылы Қазалы теміржол бекетіндегі белгі беру және байланыс дис-танциясы мекемесіне элек-тромастер болып жұмысқа орналасты. 1967 жылдан зейнеткерлікке шыққанша осы мекемеде қалтқысыз қызмет етті.

Максұт Айгелдиевтің атқарған еңбегі мемлекет тарапынан бағаланып, бірнеше рет марапатталды. 1975 жылы Теміржол баскармасының бұйрығымен «Өз мамандығының үздігі» деген куәліктің иегері атанды. Сондай-ақ, «Социалистік жарыстың жеңімпазы» төсбелгісі де ағамызға лайық деп та-нылды. Байланыстың 80 және теміржолдың 100 жылдық ме-дальдарымен, сонымен қатар «Еңбек ардагері» медалімен ма-рапатталды.

Мәкең жасынан әдебиетке құмар болып өсті. Мектеп-те жүргенде кітапты көп оқитын. Жұмыста қолынан ка-лам-қағазын тастамай, өмірден көрген-білгендерін, көңіл-ге түйгендерін өлең жолдарына түсірді. Аппал азамат зейнеткерлікке шыққаннан соң жазған еңбектерін жинақтап, жарыққа шығарды. 2008 жылы «Бұл өмір өте шығар ескен жылдай» деген атпен өлеңдер мен әңгімелер жинағы қалың оқырманға жол тартты. Қаламгердің бұл еңбегі оқырмандарға ой салары сөзсіз. Себебі, Мәкең көбіне өскелең ұрпақты отансүйгіштікке тәрбиелейтін шығармалар жайында көбірек қалам тербеді. Газеттерде өлеңдері мен танымдық мақалаларын жариялап тұрды. 2011 жылы «Туған жер сама-лы» атты жана кітабы жарық көріп, осы жылы ҚР Журнали-стер одағының мүшесі атанды. Автор бұл еңбегіне көбіне тек жастарды патриоттыққа баулитын шығармаларын енгізген.

Ағамыз алдағы уақытта басқа да тың туындыларын жарыққа шығармақ ниетте. Кейінгі уақытта аудандық арда-герлер кеңесінің мүшесі ретінде қоғамдық жұмыстарға бел-сене араласты. Мұнда қызмет еткен жылдары да облыстық ардагерлер кеңесінің «Құрмет Грамотасымен» марапаттал-ды. Сондай-ақ, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің «Алғыс хатын» иеленді. Екі жыл бұрын Әйтеке би кенті клубы жанынан «Атамұра» ұлттық ансамблі құрылған болатын. Онда негізінен өнерге құштарлығы мол ардагер-лер топтастырылған. Мәкең де осы ансамбльдің белді мүшесі болып, халыққа өз өнерін көрсетті. Осында патриоттық өлеңдерін оқып, көрермендер қошеметіне бөленді. Жұртына қалтқысыз қызмет еткен ел ағасы биыл 75 жасқа толады. Қаламгердің әрбір шығармасы жастарды патриоттыққа, отансүйгіштікке тәрбиелейді. Максұт Айгелдиев қаламымен жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беруде талмай еңбек ете бермек.

Орақ БАУБЕКОВ,
ҚР Мәдениет қайраткері.

АНТИБІОТИКСІЗ АС МАЗІРІ

Антибиотиктерді осылайша бақылаусыз қабылдау адамға несіммен қауіпті?
Қазір демікке, аллергиялық аурулар санының өсуін осымен байланыстыруда.
Антибиотиктердің ішек-қарын жолдары үшін зияны белгілі: антибиотиктерден кейінгі дисбактериоз немесе ішектің микрофлораның бұзылуын айтпасақ та болады, өйткені мұны жұрттың бәрі біледі.

кыстары кала жөне
кетти азык-түлү эмес
жүргүзүдө. Накты
ызы бар азык-түлү
инан турактылык
сауда оорындары
андандыр жасалган
жөжө аудан өкмдтө
ырынын арасында кол
0 наурызга облыстык
жөжөспөрлөк бөлүмүн
ы алуеметтик маңызы
жөжөмустарын жүргүздү.
жөжөжөн кндрөгө 20%
аудандын барлык
мөкпөл 10000 төгө мө

Алуа БАИБОЛАТОВА,
Қызылорда қаласының
мамандандырылған
әкімшілік сотының судьясы.

АННА

Бізге көршілер, туыстар, достар өмір бойы қызыға да қызғанышпен қарайтын. Мені күйеуім жақсы көріп, балаларына жақсы қарады. Үйде тәртіп қалыпта-сып, керектің бәрі бар-тын. Бір күні көршілермен ұрысқан-нан кейін бізді бір қырық айналдырды. Күйеуіміз екеуіміз ауырдық, шаруашылығымыз шығынға батты. Аулда баламызды соңығы жыққаннан кейін қорқы-ныштан көкешетіні қалды. Жәй әзілдегеннен қорқатын

Фатима.

Еске алушылар: туған-туыстары,
құда-жекжаттары, дос-жарандары.

Ербай Нұрғұл Әдіганиқызының атына Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, 21-бекеттегі №243 орта мектептің 9 сыныбын 15.06.2015 жылы бітіргені жөнінде берілген НОБ №13760947 куәлігі қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Сарсенова (Шауенова) Зинегуль Орынбасаровнаның атына Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кентіндегі №421 (қазіргі №204) ҮІ. Алтынсарин атындағы орта мектепті 1988 жылы бітіргені жөнінде берілген №194939 аттестаты қосымшасымен жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

[illegible]

Шартты белгілемелер:

- мемлекеттің қызметін жүзеге асыруға немесе аяқтауға;
- мемлекеттің қызметі аяқталуы (сізіншімталуы) және (немесе) мемлекеттің қызметі берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), өзіне ұйымдастырылған немесе комиссиялардың жұмысы;
- ◆ тәртіптің бұзылуы;
- мемлекеттің қызметі (сізіншімталуы) аяқталуы.

ҚОЛӨНЕР

Тегі, ши тоқу өнері қазаққа таңсық емес, ата-бабаларымыздан қалған кәсіп. Ілгеріде әкелеріміздің ши тоқығанын да көрдік. Алайда сұраныстың аздығынан ба, қазір мұндай қолөнершілер сирек. Бұған бәлкім киіз үйдің күнделікті қолданыстан шығып бара жатқаны себеп болар, кім білсін...

ШИ ТОҚУДЫҢ ШЕБЕРІ

Сондай қолөнершінің бірі қала іргесіндегі Ж.Маханбетов ауылынан табыла кетті. Мұны естіген бойдан жолға шықтық. Міне, Майлытон ақсақал мен Кәтен Халықсызының шаңырағына ат басын тіредік. Амаңдықтан соң әжейден дереу бұл өнерді кімнен үйренгенін, ши тоқудың қыр-сырын сұрап жатырмыз. Жетістің жетеуіне келген қарияның қимылы ширақ. Бізді бірден қонақ бөлмеге бастады. Шебердің уақытша жұмыс орны осы бөлмеде екен. Ши тоқу үшін ашасы бар екі ағашты белгілі қашықтықта тікесі қадап, сол ашаға көлденең ағаш қойып, осы қарапайым құрылғының көмегімен ені 2 метрге жуық, ұзындығы 10 метрден астам шиді тоқып болған сәті екен. Кең бөлмеде жайылып жатқан ши кісіні еріксіз өзіне тартты.

– Отбасында бір ұл, екі қыз бала өстік. Анам Ақшын он саусағынан өнер тамған ісмер жан болды. Кішкентайымыздан еңбекке араласқан біздің көзіміз аңамыздың кәсібіне қанығып өсті. Әкем Халық өмір бойы ұстаз болды, ал аңамыз үй шаруасында. Жасынан кілем де, алаша да тоқыды. Киіз үйдің бай-шуын да өзі даярлайтын. Мені қолөнерге тәрбиелеген аңам, – деп бастаған әжей қазір жеті қанат киіз үйі барын білдірді. Мына дүниені сол үйдің кереге сыртына тұтуға арнайы тоқып жатқанына екі ай болыпты.

– Қажетті шикізатты алдын ала дайындап алғанмын. Мысалы, осы орама шиге шамамен 5 келі қой жүні кетті. Шикізаттың көбі өзімізден.



Базардан тек бояу ғана сатып алдым. Алдымен үлкен қазанға қой жүнін салып, тұз қосып, бояумен бірге қайнатып алдым. Сонан бір тәуліктен соң қазаннан алып, жүнді жайып кептіріп, арнайы тарақпен тараймын. Бұл бір жағы еңбек болса, екіншіден ермек. Ал шидің бірнеше бауын келінің ауылынан арнайы алдырдым. Әйтпесе, бізде оны арнайы сататын орын жоқ, – деді ол.

Шидің құмды жерлерде, мәселен, көбіне Қарақұм мен Қызылқұмда өсетінін бәріміз білеміз. Сонау балдәурен балалық шақ өткен жайлаудағы керемет кез еріксіз көз алдыма келді. Шикізатты экологиялық таза аймақтардан жинау, бүлдірмей сақтау, олардан тұрмысқа қажетті бұйымдар жасау ісін біздің ата-бабаларымыздан артық білетін халық жоқ десек, дұрыс шығар. Шиді киіз үйдің

құрамы бір бөлігі ретінде кереге сыртына тұтуға, сондай-ақ оларды үйдің ішіндегі аяқ-табақ, ошақ басын қоршап қою үшін де қолданғанын, тіпті тоқылған шиді киіз үйдің есігінде ұстау үшін де пайдаланғанын көзіміз көрді. Сондай-ақ, киіз үйге төселген киіздің ылғал тартып бүлінбеуі, тез тозып қалмауы үшін төсеніш

дейтіні есімде. Білетіндердің айтуынша, мұндай кезде жер жұмсақ, ши суырылғыш келеді. Шебердің жұмысы алдымен жиналған шидің сабағын қабығынан аршып, оның жарамды, жарамсызын бөліп алумен басталатын, сонан соң оны бумалап, көлемкеге кептіреді де, кейін оны өріктеп орайды.

Әжейдің айтуынша, қазақ үшін кастерлі ұғымға айналған киіз үйдің сүйегін жасаумен ежелден ер кісілер айналысса, оның іші мен сыртына қажетті мүлік пен көзтартар жасаяқ жабдығын қазақ әйелдерінің шебер қолынан шыққан. – Ши өңдеу, оған жүн орап, өріктеп безендіру, тұр салып тоқу ісі де ғасырлар бойы атадан балаға мирас қалып жатқан ұлттық өнер болып табылады. Ши бұйымның жалпы сырт көрінісіне қарай: ақ ши, ораулы ши, шым ши деп үш топқа бөлінеді. Мұндай ши түрлері қазақ арасында әрқайсысы өз орнымен әртүрлі мақсатқа пайдаланылады. Мысалы, қабығынан тазартылған ақ шиді көбінесе, ірімшік, т.б. жаю үшін, сондай-ақ сүзгіш шипта жа-сау, үйдің төбесін біртегіс сылауға ыңғайлы болу үшін қолданылған болса, ұзына бойы түсті жүнмен немесе жібекпен оралған шым ши киіз үйдің сәнді жиһазының бірі болып есептеледі. Ал өн бойы тұтас орамай әр жерінен аралатып оралатын шиді орама ши немесе ораулы ши деп атайды. Демек, киіз үйдің керегесін орай тұтуға көбінесе жоғарыдағы айтылған шидің соңғы екі түрі: шым ши мен орама ши пайдаланылады, – дейді шебер.

– Ол кездің балалары еңбекпен шыңдалып өсетін. «Шүкір, онан жаман болған жоқпыз. Қазір ойлап отырсам, қыз баланы ізетті, инабатты, ісіне көркі сай шебер етіп тәрбиелеу, сыйлау халқымыздың қанына сіңген қасиеттің бірі екен. Халқымыз қыздарын құрметтеп, киімнің сәндісін, бұйымның жақсысын, ер-тұрманың ошекей-лісін соларға тарту еткен, – дейді Кәтен әжей. Кілемді тоқып, киіз үйдің бай-шуын даярлап, құрақ көрпе мен жастықтың тұр-түрін өзі тігітін қарияның арманы – өз қолынан шыққан қолөнер дүниесін ұрпақтарының игілігіне жарағанын көру.

Дәуіржан ЕЛУБАЕВ.

ЕГЕР ЗАҢСЫЗДЫҚ ОРЫН АЛСА...

Қандай да бір құқық бұзушылықтың ізі суымай ашылуы оның дер кезінде хабарлануына тікелей байланысты. Сол үшін де облыстық ішкі істер департаменті тұрғындардың хабарлама қалдыруына қолайлы жағдай туғызудың түрліше жолдарын қарастыруда.

Қызылорда ОИД баспасөз қызметінің хабарлауынша, қазіргі таңда тұрғындар мобильді мессенджер арқылы сурет, бейне және дыбыстық жазбалар түріндегі ақпараттар жібере алады. Аталған жүйе Қызылорда қалалық ішкі істер басқармасының Жедел жоспарлау орталығы базасына қосылған және келген хабарламалар бұлтартпас айғақ ретінде тіркеліп, олар бойынша тиісті шаралар қабылданады. «WhatsApp, Viber жүйесінің ұсақ



құқық бұзушылыққа төзеу ахуалын қалыптастыруда, тұрғындардың белсенді азаматтық ұстанымын таныту-да маңызды зор», – дейді департамент өкілі.

Нақтылағанда, қала тұрғындарына егер де қандай да бір заң бұзушылық туралы хабарлағысы келсе, жедел түрде Қызылорда облысы Ішкі істер департаментінің – 8-776-89-80-102 нөміріне айғақтарды жолдауына болады. Ал аудандар бойынша, Арал ауданы – 8 (776) 860-01-02 нөмірі арқылы, Қазалы ауданы – 8 (776) 861-01-02, Қармақшы ауданы – 8 (776) 862-01-02, Жалағаш ауданы – 8 (776) 863-01-02, Сырдария ауданы – 8 (776) 864-01-02, Шиелі ауданы – 8 (776) 865-01-02, сондай-ақ, Жаңақорған ауданы тұрғындары 8 (776) 866-01-02 нөмірі арқылы хабарлама жіберулеріне болады.

Ең бастысы, жіберілген ақпараттар шындыққа сай болуы шарт. Себебі жалған ақпарат таратқандар ҚР Қылмыстық кодексінің 274-бабы бойынша қылмыстық жауапкершілікке тартылады.

Нағымжан САУАЕВ.

СПОРТ

СЫР СПОРТШЫЛАРЫ ЖЕҢІС ТҰҒЫРЫНАН КӨРІНДІ

Атырау қаласында самбодан ерлер мен әйелдер арасында өткен ҚР чемпионаты өз мәресіне жетті. Тартысты бөсекте облысымыздың намысын қорғаған жерлестеріміз 3 алтын, 2 күміс және 4 қола медаль иеленді. 56 келі салмақта өнер көрсеткен Жанася Мұрат, 80 келіде Қымбат Тұршабек пен 100 келіде Мақсат Исакабылов ел чемпионы атанды.

Ал 62 келіде Дархан Сержанов пен 82 келіде Батыр Мұхатаев күміс жүлдені еншіледі. 52 келіде Руслан Қаражігітов, 68 келіде Мақсат Нұрәлиев, 74 келіде Динара Қаларова мен Мерке Құдайбергенова чемпионаттың қола жүлдесін қанағат тұтты.

Жеңімпаз атанған 3 спортшы мамыр айында Оңтүстік Кореяның Сеул қаласында өтетін Азия чемпионатына және Болгарияның София қаласында өтетін Әлем чемпионатына жолдама алды.

Шымкент қаласында теннистен 14 жасқа дейінгі ұлдар мен қыздар ара-

сында «Shymkent Gold 14 & under» халықаралық турнирі өтті. Айтулы сайыста жерлесіміз Арман Кенжебек қола жүлдені иеленді. Ал қыздар арасында Камилла Мағауия төртінші орынға тұрақтады.

«Нұрсәт» теннис орталығында жаттығатын қос спортшының бапкері Рүстем Әбдиев бұл жеңіс үлкен дайындықтың арқасында келгенін айтты.

Павлодар облысының Екібастұз қаласында қазақ күресінен жасөспірімдер арасында ел чемпионаты өтті. Палуандар арасындағы тартысты бөсекте қызылордалықтар жалпыкомандалық есепте бірінші орынды иеленіп, 2 алтын, 2 күміс және 3 қола медальға қол жеткізді. Сондай-ақ, жалпыкомандалық есепте екінші орынды Жамбыл облысы жеңіп алса, 1 алтын, 1 күміс және 1 қола медальмен үшінші орынға Оңтүстік Қазақстан облысы тұрақтады.

Кенжетай БАҒАБАЙҰЛЫ.

МІНДЕТТІ МЕКТЕП ФОРМАСЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ БЕКІТІЛДІ

Соңғы жылдары жиі талқылауға түсіп жүрген мәселелердің бірі – мектеп формасына қатысты тақырыпқа нүкте қойылатын сыйайлы. ҚР Білім және ғылым министрлігі орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарды бекітті.

Талаптар білім берудің заңдарына сәйкес асыруға және орта білім беру ұйымдары білім алушыларының арасында әлеуметтік, мүлдістік және басқа да өзгешеліктердің белгілерін жоюға бағытталған. Құжатта «мектеп формасының үлгісі, түсі классикалық стильде, бірінші түс тамғамасыз жасалды, үшеуден асырмай түстерді араластыруға рұқсат етілді. Мектеп формасының түсі қалыпты және ашық емес түстерден таңдалды. Мектеп формасы білім алушылардың жас ерекшеліктеріне қарай енгізіліп, күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді», – делінген.

Ұлдардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, мерекелік жеілде, күнделікті жеілде (қысқы мезгілде: трикотаж жилет, водолазка). Ұлдарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұрады.

Қыздардың мектеп формасы: пиджак, жилет, шалбар, классикалық жеілде (қысқы уақытта: трикотаж жилет, сарафан, водолазка). Қыздарға арналған шалбарлар еркін тігілген және ұзындығы

бойынша тобықты жауып тұрады.

Ұлдардың мерекелік формасы күнделікті формаға қосымша ақ жеілден, қыздар үшін ақ түсті блузадан құрылады. Мектеп формасына классикалық пішіндегі мектеп формасының негізгі түсіне сәйкес немесе қарағар келетін галстук тігіледі. «Мектеп формасына түрлі конфессияларға қатысты киім элементтерін қосуға болмайды», – делінген хабарламада.

Мектеп формасына орта білім беру ұйымдары ерекшелік белгілерін (белгілер, тігісілер және т.б.) салуға болады. Олар киімнің немесе аксессуардың (пиджак, жилет, галстук) жоғарғы бөлігінде орналасады.

Мектеп формасына қойылатын талаптар климаттық жағдай, оқу сабақтарының өткізілу орны және оқу ғимаратындағы температуралық режим ескеріліп, іске асырылады. Сондай-ақ, жаракаттайтын фунгицидтер бар киім мен аксессуарлар киюге тыйым салынады.

Ұлдар мен қыздарға арналған спорттық форма спорттық костюмнен (спорттық шалбар, куртка, футболка), спорттық аяқ киімнен (кроссовка, кеды) тұрады. Мектеп формасының матасы ретінде қасиеттері жақсартылған жартылай жүн және мақта, киіске төзімді, антибактериалдық, антимикробтық және антистатикалық қасиеттері бар маталар

қолданылады.

Мектеп формасының түсін, фасонын таңдауды және юбканың ұзындығын орта білім беру ұйымы мен қоғамдық кеңес айқындайды, жалпымектептік ата-аналар жиналысының хаттамасымен бекітіледі.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының білім басқармалары, аудандық (қалалық) білім бөлімдері ата-аналарға мектеп формасын отандық мектеп формасын шығаратын өндірушілерден сатып алуды ұсынады, бірақ оларды нақты өндірушілерден сатып алуды міндеттемейді немесе оқу орнында форма сатуды ұйымдастырмайды. Мектеп басшысы ағымдағы жылғы 25 мамырға дейін мектеп формасының бекітілуін қамтамасыз етеді. Білім алушылардың мектеп формасын сақтауы мәселесін қоғамдық кеңестің талқылауына шығарылады. Басшы осы талаптармен ата-аналарды немесе заңды өкілдерді білім алушыны білім беру ұйымына қабылдау туралы өтініш (еркін нысанда) беру кезінде қол қойғызу арқылы және жалпы мектептік ата-аналар жиналысында таныстырады.

Бұйрыққа сәйкес ата-аналар мен өзге де заңды өкілдер мектеп формасы туралы мәселелерді талқылауға қатысады және оны жетілдіру бойынша ұсыныс енгізеді, оны кез келген сауда желісінен сапты алады.

М.МЕРЕЙ.

КӘСІПОРЫНДАР БАСШЫЛАРЫНА ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҮЛГІАЛАР НАЗАРЫНА

«Ұлттық сараптау және сертифициқтау орталығы» акционерлік қоғамының Қызылорда филиалы барлық типтегі ГАЗ ЕСЕНТЕГІШТЕРІН салыстырып тексеру жұмыстарын жүргізеді. Филлал газ есептегіштерін пайдаланылып тұрған орындарында салыс-тырып тексеруді жүргізетін эталонды қондырғылармен қамтамасыз етілген.

Біздің мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қ., Желтоқсан көш., 160. Тел: 23-56-54, 23-57-07, 23-61-74; ұялы тел.: 8 777 455 11 29.

СОТ ІСІН ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕ ЖҮРГІЗУ

мемлекеттік тілдің мәртебесін арттырады

Жуырда Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының қызметкерлері арасында «Қазақ тілінде іс қағаздарын жүргізу» тақырыбында «дөңгелек үстел» өткізілді. Шарада осы соттың жетекшісі маманы М.Наршаева баяндама жасап, мемлекеттік тіл қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылу керектігіне тоқталды. «Елімізде сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі қолданылады. Мемлекеттік тілімізді көтеру мақсатында, құжаттармен іс жүргізуді қазақ тілінде жүргізуіміз қажет. Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстан Республикасының әрбір азаматының парызы», – деді ол.

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының баспасөз қызметі.



Меншік иесі:

Сыр медиа

жауапкершілікті шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Аманжол ОҒҒАРБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс 70-00-36

Сыр медиа

Қызылорда облыстық газетінің редакциясы

БАС РЕДАКТОР

Жұматәлі ӘБДІРАМАН

қабылдау бөлмесі 40-02-17

Бас редактордың орынбасары 70-00-43

Жауапты хатшы 70-00-81

бөлімдер:

руханат және өлділер - 70-00-64, 70-00-73 экономика - 70-00-41, 70-00-68 әлеумет және саясат - 70-00-41 жарнама - 70-00-49, 70-00-52 есеп-исап - 70-00-39, 70-00-38 заңгер - 70-00-42 компьютер орталығы - 70-00-34 корректор бөлімі

меншікті тілшілер:

Арал, Қазалы: Жұмбет Табынбаев - 8724 38-34-07 Шиелі, Жаңақорған: Нұрмұқан Елтай - 8724 32-49-51

e-mail: syrboyi@mail.ru site: www.syrboyi.kz

Газет атпасына 3 рет, сәйкесімі, бейсенбі, сенбі күндері шығады

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

“Сыр бойы” облыстық газеті ҚР СТ ИСО 9001:2009 “Сапа менеджменті жүйесі” талаптарына сәйкес сертифициқталған.

Ақпаратқа қатынасу талпынысы бойынша теленді, қолжазба өңдеуі және қайтарылмады. Жарнамалар газеттің түпнұсқа нұсқасында бекітіледі. “Ақ” өңделіс жүйесі.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатылып “Сыр медиа” ЖШС-е баспақанасында басылды. Қызылорда қаласы, Бейбарис Сұлтан көшесі, 4.

Газеттің таралымына “Қазақстан” - 23-64-51, “Евразия-Пресс” - 27-62-84 жауапты.

Редакция менен-қалы: Қызылорда қаласы, Бейбарис Сұлтан көшесі, 4

Таралымы 28713

Тапсырыс № 270

Электрондық оқылым – 28000.